

Әділетті Қазақстан

Адал бизнес
бюрократиялық
қысымға ұшырамайды.
Біздің барлық күш-
жігеріміз кәсіпкерлікті
ынталандыруға
және қорғауға
бағытталады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БІЛІМ



ҰЛТТЫҚ ЖОБА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

6

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



МОНШАҚТЫ ҚЫЗ

7

ДЕНСАУЛЫҚ



ҚАН ҚЫСЫМЫ – ҚАУІПТІ АУРУ

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.07.2023

Түнде:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

23.07.2023

Түнде:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №87 (6380) 22 шілде, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БАСТАУЫ

Күрделі өзгеріс тұсында біз не істеуіміз керек?



Әлем өзгерді. Көптеген әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар айтқандай, біз сол үлкен үрдістің ішіндеміз, әрі бұл бастапқы кезеңі ғана. Сөз тұтас әлемнің бет-бейнесі, адамзат қоғамының жаңа бұрылысы жайында болып отыр.

8

ЖАҢА АЛМАТЫ

АЛЫП МЕГАПОЛИС

халықаралық деңгейде өз позициясын нығайтады



Мегаполис БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз тарихында алғашқы Ерікті жергілікті шолуға дайындалуда.

2

ҚЫСҚА...

- Президент Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.
- Мемлекет басшысының Жарлығымен Антикорға бірқатар қосымша құзырет берілді.
- Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов Алматының жылыту кезеңіне дайындығымен танысты.
- Биыл 180-ге жуық ауылға интернет тартылады.
- Отандық IT саласында 20 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.
- Рауан Кенжеханұлы халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті болып сайланды.
- Өрт сөндіруші Асқар Забикулин туралы «Қаһарман» телесериалы қыркүйекте көрсетіледі.
- Ерхан Бексұлтанов еркін күрестен Азия чемпионы атанды.
- Астана мен Алматы қалалары туристік жарна бойынша көш бастап тұр.
- Алматыда BAIQONYR халықаралық кинофестивалі 6–10 қыркүйекте сегізінші рет өтеді.
- Telegram-да сторис форматы пайда болды.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Президент Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Парламенттің төменгі палатасының VIII шақырылымының I сессиясы аясындағы қызметі туралы мәлімет берілді.

Сессия басталғаннан бері мәжілісмендердің қарауында болған 82 заң жобасының 20-сына депутаттар бастамашылық жасады. Олардың ішінде заңсыз иемденілген активтерді қайтару, онлайн-платформалар және онлайн-жарнама, Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, сұйытылған газ айналымы, электрлі самокаттардың қозғалысын реттеу туралы және басқа да заңдар бар.

Мәжіліс спикері конституциялық реформаның қорытындысы бойынша палатаның жұмыс форматына енгізілген өзгерістер жөнінде айтты. Мәжілістің 6 партиялық фракциядан, сондай-ақ бір мандатты депутаттардан жасақталуы заң шығару жұмысының ашықтығын арттырып, сайлаушылармен кері байланысты күшейтті. Олар Үкімет мүшелеріне жолдаған депутаттық сауалдарында азаматтардың өзекті мәселелерін көбірек көтере бастады.

Қазіргі күні мәжілісмендер өңірлерде халықпен кездесулер өткізіп жатыр. Сапар барысында Мәжілістің келесі сессиясында қаралатын Су, Бюджет, Салық және Қала құрылысы кодекстерінің жобалары бойынша талқылаулар ұйымдастырылып, ұсыныстар жинақталады.

■ СЕНАТ

Сенат депутаты Нұрторе Жүсіп Жамбыл облысында болған кезде Талас аудандық «Талас тынысы» газетінің редакциясында басылым ұжымының мүшелерімен кездесті. Газет өкілдері кездесу барысында аудандық газеттің жұмысы туралы хабардар етті.

Сенатор палатаның жұмысы және қабылданып жатқан заңдар туралы айтып берді. Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекске қатысты және интернет-алаңдар мен интернет-жарнама туралы заңдарға да тоқталды. Депутат барлық заң халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін қабылданып жатқанын атап өтті.

«Интернет-алаңдар және интернет-жарнама туралы» заңның негізгі мақсаты онлайн-платформалардың жұмыс істеу мәселелері мен онлайн-жарнамаларға қойылатын талаптарды құқықтық реттеу болып табылады. Заңның міндеті – әлеуметтік желілердегі жәбірлеу, қорлау, қаржы пирамидалары сияқты жағымсыз фактілерден Қазақстан азаматтарын қорғау арқылы елдегі саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын алу», – деді сенатор.

■ ҮКІМЕТ

Үкіметте Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.

Қатысушылар өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру, республиканың көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ «Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» іске асыру мәселелерін қарады. Сонымен қатар, телекоммуникация және энергетика салаларын одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар талқыланды.

Отырысқа орталық мемлекеттік органдар, «Самұрық-Қазына» қоры, «Бәйтерек» холдингі, «Қазақстан темір жолы» және «QazaqGaz» ұлттық компанияларының басшылары, Ұлттық банк өкілдері және т.б. қатысты.

■ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

Елордада Министрліктер үйінде (16-шы кіреберіс) орталық мемлекеттік органдардың халықпен жұмыс жүргізу жөніндегі бірыңғай фронт-жесісі болып табылатын Азаматтарды қабылдау орталығы өз жұмысын бастады.

Орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылының жаңа ортасын құру. Ал оның жұмысының негізгі қағидаттары – клиентке бағдарлану, өтініш берушілерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және жалпы осы салаға жаңа стандарттарды енгізу.

Орталық базасында келушілер өздеріне ыңғайлы жағдайда кез келген мемлекеттік органға өтінішін бере алады, сондай-ақ ХҚКО-ға үксас түрлі ведомстволар өкілдерінен, медиаторлар және заң мамандарынан кеңес ала алады. Сонымен қатар, мұнда азаматтар мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жеке қабылдауына жазылу мүмкіндігіне ие болады.

Орталық алаңында апта сайын 18 министрліктің өкілдері азаматтарды жеке қабылдайды, кесте Үкімет сайтында алдын ала жарияланатын болады. Бұл ретте өңірлердің тұрғындарына елордаға арнайы келудің қажеті жоқ, өйткені оларды онлайн-форматта да қабылдау жүргізіледі.

Жаңа орталықтың базасында цифрлық ХҚКО іске қосылды, ол арқылы онлайн-режимінде 1220 мемлекеттік қызмет түрін алуға болады.

■ ӘЛЕУМЕТ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, жыл басынан бері республикалық бюджеттен 1 трлн 649 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы – 506,3 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 1 трлн 142,7 млрд теңге.

Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 300 мың адам. Осы кезеңдегі жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120 641 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 82 805 теңге, базалық зейнетақы – 37 836 теңге.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалатынын еске саламыз.

Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-ына тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Ал егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 80%-ын құрайды. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде, яғни 100% белгіленеді.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ЖАҢА АЛМАТЫ

АЛЫП МЕГАПОЛИС

халықаралық деңгейде өз позициясын нығайтады

■ Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматы БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы есеп бере бастаған алғашқы қазақстандық қала болмақ. ҚР ұлттық деңгейде алғаш рет 2019 жылдың жазында, екінші рет 2022 жылдың жазында БҰҰ ТЖМ іске асыру бойынша ерікті ұлттық шолуын ұсынды. Алматы 2023 жылдың соңына қарай өз шолуын жариялауға дайындалуда. Құжатты әзірлеу 2023 жылдың мамыр айының соңында басталды.

Ұлттық және аймақтық деңгейде де мұндай шолулар қатысушылардың БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуге деген ізгі ниеті мен дайындығының белгісі ретінде, сонымен қатар, қол жеткізілген нәтижелерді ұсыну үшін жасайтын есептілігін білдіреді. Шолулар елдер мен қалаларға тәжірибе алмасуға, мемлекеттік мекемелер деңгейінде орнықты даму саясатын дамытуға және нығайтуға жәрдемдесуге, көпжақты әріптестікті дамыту үшін алғышарттар жасауға көмектеседі.

БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізу бойынша Алматының Ерікті жергілікті шолуын әзірлеуші «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ (АДО) – тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі қаланың негізгі институты болып табылады.

АДО бұл жұмысты тұтастай алғанда қаланың дамуымен тығыз байланысты өзінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында жүргізеді. Бағдарлама Алматының дамуын жаһандық күн тәртібімен және БҰҰ ТДМ міндеттерімен үндестіруге бағытталған. Бұл көрсеткіштердің егжей-тегжейлі жүйесінің арқасында жергілікті атқарушы органдар жүргізетін жұмыстың тиімділігін неғұрлым нақты жүйелеуге және жақсырақ бағалауға, сонымен бірге бұл қалаға өзінің танылуын арттыруға, жаңа серіктестер мен инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

■ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР заң аясында қызмет көрсетеді

Алматы қаласы Әділет департаментінің өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде жеке сот орындаушыларының қызметі туралы айтып берді.

■ Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ведомствоның келтірген деректеріне сай, барлығы жеке сот орындаушыларының орындауында жалпы сомасы теңгеге 520 мыңнан астам атқарушылық іс жүргізілді, оның ішінде 200 мыңнан астамы аяқталды. Алматы қаласы бойынша 310 жеке сот орындаушысы тіркелген.

«Жеке сот орындаушылары «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңды басшылыққа алады, онда сот актілерін орындау үшін жеке сот орындаушыларының іс-әрекеттері көзделеді. Заңның 32-бабында борышкердің мүлкіне тыйым салу, банктік шоттар, борышкердің жылжымалы мүлкін алып қою, борышкердің мүлкін мөрлеу, құқық белгілейтін құжаттарды алып қою және т.б. сияқты мәжбүрлеу шаралары көзделген», – деді Әділет департа-



Ерікті жергілікті шолу «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» негізгі бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне негізделеді.

Шолу шеңберінде БҰҰ ТДМ нақты міндеттерін шешуге бағытталған қаланы дамыту бағдарламасының жобаларына – бұл жобалар адами, қаржылық және өзге де ресурстарды қалай жұмылдыратынына, сонымен қатар, қаланың өмір сүру сапасы мен өміршеңдігін арттыруға баса назар аударылады.

Бұл ретте мегаполис мақсатқа сай болуы тиіс – 2022 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Алматыда БҰҰ-ның аймақтық хабын ашу туралы келісімге қол жеткізді.

Айта кетсек, Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – кедейлік пен жоқшылықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікпен күресуге, ғаламшарды қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық

қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыт таңдалды, оларды іске асыру елді өмірдің барлық негізгі саласының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге әкелуі мүмкін.

ТДМ іске асыру және оған қол жеткізу үдерісі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан да тұрақты мониторингте тұр. ТДМ-ға тиімді қол жеткізу үшін орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштері бойынша мекемелер аралық және сараптамалық топ (МУЭГ – ТДМ) БҰҰ-ға мүше әрбір мемлекет үшін осы индикаторларды ұлттандыру мүмкіндігімен жаһандық индикаторлар жүйесін әзірледі. Бүгінде ТДМ-ға қол жеткізу бойынша Қазақстанның мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның ішінде 205 жаһандық және 75 ұлттық индикатор.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес ТДМ міндеттерін шешу Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясымен қатар жоғары басымдық болып табылады.



ментінің атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Әнуар Жексеков.

Мәселен, борышкерлердің шоттарында ақша қаражаты болған жағдайда, сот орындаушысы инкассалық өкім шығарады, содан кейін ақша қаражаты өндіріп алушының шотына аударылады. Егер борышкердің ақшалай қаражаты болмаса, онда сот орындаушысы жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті өткізу жөнінде шаралар қабылдайды.

Борышкердің мүлкін өткізу мүлікті бағалау және кейіннен оны электрондық аукцион нысанында сауда-саттыққа шығару жолымен жүзеге асырылады.

«Борышкердің ақша қаражаты мен өндіріп алуға болатын мүлкі

болмаған жағдайлар сирек емес. Мұндай жағдайда сот орындаушылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстермен және ҚР Қылмыстық кодексімен регламенттелген сот актілерін орындамағаны үшін әкімшілік не қылмыстық жауаптылыққа жүгінеді», – деп түсіндірді спикер.

Департамент дерегіне, үйден шығару бойынша барлығы 387 атқарушылық өндіріс орындалды, оның 164-і аяқталды, 107-сі нақты орындалды. Жалақы бойынша барлығы 778 атқарушылық өндіріс орындалды, оның 397-сі аяқталды, 340-ы нақты орындалды. Алимент бойынша барлығы 17 799 атқарушылық өндіріс орындалды, оның 2599-ы аяқталды, 65-і нақты орындалды.



● ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛІҢІЗ!

АДАЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК

Алматылық тұтынушыларға 66 млн теңгеден астам қаражат қайтарылды



Айнабай
МӘДИ

Жыл басынан бері Алматы қаласының Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне 3 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Жоспардан тыс тексеру мен заңгерлік кеңес беру нәтижесінде тұтынушыларға 66 775 325 теңге қайтарылды. Мұндай деректі Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде департамент басшысының орынбасары Нұрлыбек Бимұрзаев келтірді. Келіп түскен барлық өтініштің 1087-і қанағаттандырылып, 924-іне түсініктеме берілді, 235-і қайта жіберілді.

«Биылғы алты айда келіп түскен өтініштер негізінде департаментте тұтынушылардың құқығын қорғау бағытында мемлекеттік бақылау жүргізу барысында 59 әкімшілік хаттама жасалды. Соның ішінде жоспардан тыс 20 тексеру жүргізу нәтижесінде ескерту түрінде 53 қаулы мен жалпы көлемі 414 000 теңге құраған 6 айыппұл салынды», – деді Н.Бимұрзаев.

Спикер Қазақстанда 2020 жылдан бастап тұтынушылардың шағымын қараудың көп сатылы жүйесі (сатушы – мемлекеттік орган – сот) жұмыс істейтінін, оның шеңберінде «мемлекеттік» және «қоғамдық» бақылау енгізілгенін, кәсіпқойлар арасынан құқық қорғаушылардың тізбесі қалыптастырылғанын еске салды. Бұл механизм сатушы алдындағы тұтынушылардың шағымына жауап беру міндеттемесін, тұтынушының құқықтарын қамтамасыз ету алгоритмін сол жерде әрі сол сәтте қарастырады.

Бірінші кезеңде сатушы сатып алушының талабын өз бетінше не тұтынушылар-



дың құқығын қорғау жөніндегі ұйымдарды тарта отырып қарауға міндетті.

Бұл – шағымдарды сол жерде, сол сәтте бейбіт жолмен шешуге болатын алғашқы кезең. Бұл жағдайда үкіметтік емес ұйымдар дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісі ретінде әрекет етеді. Екінші кезең мемлекеттің қосылуын қамтиды. Яғни егер сатушы келісімге келу ниеті болмаса, шағым тұтынушылардың құқығын қорғау комитетіне немесе басқа мамандандырылған органға жіберіледі. Мысалы, егер сатушы таразыны бұрап қойса не онлайн-дүкен тауар жібермесе, онда ол алаяқтық болуы мүмкін. Ондай жағдайда бұл мәселе ІІМ органдарына жүктелер жұмыс саласы. Сотқа жүгіну, шын мәнінде, шағымды қараудың соңғы сатысы.

Сонымен қатар, тұтынушыларға, бизнеске және мемлекеттік органдарға ыңғайлы болу үшін 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап e-tutynushy.kz шағымдарды қабылдау мен қараудың бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істей бастайды. Жүйенің мақсаты – тұтынушылар құқығын қорғаудың барлық шарасын бір жерде шоғырландыру, шағымды дайындау мен оны құзыретті органдарға жіберу рәсімін жеңілдету және арзандату.

Сондай-ақ, барлық өтініш пен оны қарау нәтижесін цифрландыру.

«Бұл жүйеде тұтынушы шағымды әртүрлі тәсілмен, соның ішінде мобильді қосымша арқылы беруге мүмкіндігі бар. Тұтынушының ыңғайлылығы үшін жүйеде даудың нысанасына байланысты шағымдардың бірқатар үлгілік нысандарын орналастыру көзделеді. Сондай-ақ, тұтынушы қажет болған жағдайда жүйеде қоса берілген өз өкілінің тізбесін таңдай алады, сотқа дейінгі реттеудің қолданыстағы институттың бірін таңдай алады немесе шағымды тікелей мемлекеттік органға жібере алады», – деп өз ойын бөлісті Н.Бимұрзаев.

Сондай-ақ, жүйеде барлық мемлекеттік органның тізімі мен оны реттеу саласы қорсетілген, соның арқасында тұтынушы шағымды қайда жіберу керектігін бірден біледі. Қорытындылай келе, спикер бүгінгі күні ҚР Сауда және интеграция министрлігі шағымдарды қарау жобасын көп сатыдан екі сатылы тетікке ҚР Үкіметіне келісуге бағыттағанын, онда тұтынушы сатушыға сотқа дейінгі талап-арызды екінші кезеңмен жібергеннен кейін талап-арызбен соттарға жүгіне алатынын атап өтті.

● БРИФИНГ

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

мұқтаж жандардың қажетіне жарап тұр



Кедейлік шегін тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдар ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшерінде белгілейді. Алматы қаласында 2023 жылдың 3 тоқсанындағы кедейлік шегі 34 929 теңгені құрайды.

«АӘК-ке үміткер тұлғалар кеңес алу үшін және көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің ұсынылу шарттары туралы ақпарат алуға, тұрғылықты тіркелген мекенжайы бойынша Мансап орталығының қызметкерлеріне жүгіне алады немесе онлайн өтініш берсе болады. Үміткерлер өтініш беру үшін тұратын мекенжайына тұрақты немесе уақытша тіркелуі қажет және уақытша тіркелген жағдайда АӘК-ке 6 ай өткен соң ғана өтініш бере алады. Мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылған және цифрландырылған. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін құжаттарды қолма-қол өткізу талап етілмейді. АӘК тағайындау үшін үміткерлерге тоқсан сайын өтініш беруі қажет», – дейді Алматы қаласы Мансап орталығының жетекшісі Әділет Жаңабаев.

Атаулы әлеуметтік көмек шартсыз ақшалай көмек немесе шартты ақшалай көмек түрінде тағайындалады.

Шартсыз ақшалай көмек: жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын кірісі аз адамдарға (осы кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына; бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге; екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздігі мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты); құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі, үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа, күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

Ал шартты ақшалай көмек: жалғыздікті және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған еңбекке қабілеті бар адамдарға, сондай-ақ өзінің құрамында еңбекке қабілетті адамы (мүшелері) бар аз қамтылған отбасыларға оның (олардың) іс-шараларға қатысуы шартымен жұмыспен қамтуға және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажет болған кезде көрсетіледі.

АӘК туралы толығырақ білгіңіз келсе, аудандық бөлімшелерге және Достық даңғылы, 85-үйде орналасқан «Әлеуметтік қызметтер үйіне» жүгінуге болады. Сонымен қатар, 310-47-82 бірыңғай нөмірі бойынша Call-орталық жұмыс істейді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда атаулы әлеуметтік көмек 48 мыңнан астам адамға тағайындалды, оның ішінде 37 мыңнан астамы төлем алды. Мегаполисте осы мақсаттарға 4,6 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының Мансап орталығының өкілдері хабарлады.

● КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Әл-Фараби даңғылының оңтүстік жағындағы жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын

Шіліңгір шілденің ыстығы бет қаратпай тұрса да, шаһардағы жол жөндеу жұмыстары тоқтамақ емес. Мәселен, әл-Фараби даңғылындағы жол жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп келеді әрі оқу жылы басталғанға дейін аяқталады. Қазіргі уақытта Торайғыров көшесінен Достық даңғылына дейінгі жолдың оңтүстік жағында жөндеу жұмыстары аяқталды – көлік қозғалысы ашық. Келесі кезең – әл-Фараби мен Назарбаев даңғылдарының қиылысындағы айналма жолдарды жөндеу.

Абай даңғылындағы жол жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Қазіргі уақытта батыс бағытта Достық даңғылынан Есентай өзеніндегі көпірге дейінгі және шығыс бағытта Тілендиев көшесінен Өуезов көшесіне дейінгі аумақтарда жөндеу жұмыстары толық аяқталып, көлік қозғалысы толықтай қалпына келтірілді.

Жөндеу жұмыстары Өуезов көшесінен Есентай өзеніндегі көпірге дейінгі аумақта басталады. Жол-көлік оқиғасының алдын алу және жол қозғалысын ұйымдастыру үшін жоғарыда аталған көше учаскесінде патрульдік полиция қызметкерлері жұмылдырылады.

Жөндеу жұмыстарын жүргізу учаскелері туралы өзекті ақпарат қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының (@qmb_almaty) ресми парақшаларында, сонымен бірге, 2ГИС қосымшасында қолжетімді болады.

Естеріңізге салайық, Алматыдағы магистральдық көшелердің жол төсемін жөндеу жұмыстарына алғаш рет жаңа технологиялар қолданылды. Асфальтбетондардың құрамында полимерлер пайдаланылды. Мұндай қоспалар тозуға төзімді, жұмсарту температурасы жоғары (65–70°C), сондықтан ыстыққа төтеп беріп, әлдеқайда ұзағырақ қызмет етеді – қазіргі 5 жылдың орнына 8–10 жыл пайдалануға болады.

Баршаңызға мәлім, жөндеу жұмыстары кезінде жолдың жабылуына байланысты кейбір маршруттың сызбасына уақытша өзгерістер енгізіледі. Жөндеу 2023 жылға жоспарланған жұмыстар аясында жүргізілуде. Бұл қала жолдарының бізге ұзағырақ қызмет етуі үшін қажетті шара.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша шектеулер енгізіледі

21 шілде мен 4 тамыз аралығында Алматы қаласының Алмалы ауданында Шағабутдинов көшесі бойымен Мақатаев көшесінен Гоголь көшесіне дейін автокөлік қозғалысы жабылады. Аталған көшелердегі қозғалыс екі жаққа да жабылады.

21 шілде мен 11 тамыз аралығында Шағабутдинов көшесі бойымен Әйтеке би көшесінен Гоголь көшесіне дейін көлік қозғалысы жабылады. Аталған көше бойымен қозғалыс шығыс бағытымен бір бағытта жабылады.

Аталған көше сегментінің жүріс бөлігінің астында өтетін құбырдың ағымдағы жоспарлы жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін уақытша шектеулер енгізіледі.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандары, мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұрайды.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА
АЙЫРБАСТАУ

инженерлік желілердің тозу деңгейін төмендетеді

Алматылықтар шілде айынан бастап коммуналдық қызметтер ақысын жаңа тарифпен төлейді.

Тарифті инвестицияға айырбастау жобасын іске асырудың негізгі мақсаты – электр қуатымен қамтамасыз ету және су құбыры желілерінің, жылу коммуникациясының тозу деңгейін төмендетуге қол жеткізу. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, коммуналдық тарифтердің бағасын көтеру мәселесінде қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы мен төлем қабілеті ескеріледі. Сондай-ақ, бұл жұмыс әр табиғи монополия субъектілерінде және өңір бойынша жеке қаралады.

Осыған сәйкес Алматыда 1 шілдеден бастап суық су мен кәріз суының, жылуға төленетін тариф өсті. Бағаның бұлайша өзгеруін, монополияға қарсы агенттік инженерлік желілердің тозуымен байланыстырады. Сондай-ақ, жаңа тариф дифференциалды есептеуге де қатысты, яғни бұдан былай тіршілік көзін үнемдей білген адам сәйкесінше бағасын да аз төлеп, үнемдей білмегендер қалтасынан қағылады. Мәселен, алматылықтар осы айдан бастап судың бір текше метрі үшін 55,2 теңге және кәріздік жүйе қызметінің бір текше метрі үшін 29,76 теңге төлесе, суды қалай болса солай жұмсап, ысырапқа жол бергендер бұдан көбірек төлеуіне тура келеді.

Мамандар коммуналдық төлемдердің бағасын арттыру арқылы сапаны жақсартамыз деп отыр. Ұлттық экономика министрі қазақстандықтарды жылумен, электр энергиясымен, сумен және басқа да коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету үшін еліміздегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымының қазіргі жай-күйін жаңарту қажеттігін айтады. Бүгінде аталмыш саладағы еңбекақысы жылдар бойы көтерілмеген білікті мамандарға көңіл бөлу қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр. Осы мәселелерді шешу үшін Ұлттық экономика министрлігі «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын жүзеге асыруда. Оған сәйкес 2023–2029 жылдарға 62 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғыртуға бағытталған шамамен 3 трлн теңге инвестиция



Керек дерек

Елімізде шамамен 128 мың км жылу, сумен жабдықтау және су тарту желілері бар, олардың жалпы тозуы 51%-ды құрайды.

тарту көзделіп отыр. Министрдің сөзінше, бұл 2029 жылға қарай желілердің тозуын 20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Сала мамандары жүргізіліп жатқан тарифтік реформа тариф құрудың бүкіл процесінің ашықтығы, есептілігі және жариялылығы қағидаттарына негізделеді.

Алматыда да бұл «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы шеңберінде коммуналдық қызметтер тарифі өзгерді. Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденееваның айтуынша, департамент табиғи монополиялардың базалық субъектілерінің сумен жабдықтау және су бұру, жылу энер-

гиясын өндіру, жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау, электр энергиясын беру қызметтері бойынша қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тарифтерді өзгертуге өтінімдерді, сондай-ақ электр энергиясын жабдықтау бағасының алдағы уақытта көтерілуі туралы хабарлама-ны қараған.

«Алматы Су» ШЖК МКК сумен қамту қызметінің тарифі, орташа тариф судың текше метрі үшін 63,08 теңгеден 88,09 теңгеге дейін көбейді.

Тұрғын ауданы 30 м² болатын 1 бөлмелі пәтерді суық сумен жабдықтау бойынша 43 теңге және кәріз үшін 41 теңге болды. Тұрғын ауданы 55 м² болатын 2 бөлмелі пәтерді суық сумен жабдықтау бойынша – 65 теңге және кәріз үшін 60 теңге. Суық сумен жабдықтау бойынша тұрғын ауданы 70 м² болатын 3 бөлмелі пәтерді қамту 86 теңге және кәріз үшін 81 теңге.

Жылыту кезеңінде үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін артық төлем: тұрғын ауданы 30 м² болатын 1 бөлмелі пәтерге – 1032 теңге; тұрғын ауданы 55 м² болатын 2 бөлмелі пәтерге – 1989 теңге; тұрғын ауданы 70 м² болатын 3 бөлмелі пәтерге – 2402 теңге, оның ішінде ыстық сумен жабдықтау бойынша 90 теңге көлемінде.

ЗЕРТТЕУ

Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мұхтар Құл-Мұхаммед республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда ономастика саласын тәртіпке келтіру туралы ұсынысына байланысты жариялаған мақаласында «Алматы» деген атаудың этимологиялық, топонимикалық мағынасын ашып, семантикалық, грамматикалық тұрғыдан талдау жасапты. Төменде сол мақаладан үзінді беріп отырмаз.

Қазақ тіл білімінің ішінде топонимикалық зерттеулерге көз жіберсек, оның бастауында Ғ.Қоңқапбаев, Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов секілді аға буын ғалымдар тұрғанын байқаймыз. Біздің мақсат – бар қазақтың жүрегіне жол тапқан «Алматы» деген бір ғана атаудың этимологиялық, топонимикалық мағынасын ашып, семантикалық, грамматикалық тұрғыдан талдау.

Алматының іргесі қаланған кезден бастап 1921 жылға дейінгі аралықта ортағасырлық араб, парсы, қытай, түрік, шағатай және қазақ тілдеріндегі бірде-бір еңбекте «Алма-Ата» деген атау мүлде кездеспейді. «Алма-Ата» деген ойқонимді төңкеріске дейін Алматыда болған, оны зерттеген, жалпы, осы тақырыпқа қалам тартқан орыс ғалымдары, саяхатшылары, тіпті отарлық аппарат шенеуніктерінің бірде-біреуі қолданбаған.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін есімі тарихта қалған кейбірінші еңбектеріне тоқтала кетейік. Алматыға әр жылдары келген ғалымдар мен саяхатшылар, зерттеушілер ол туралы өз жазбаларын қалдырды. Орыстың аса көрнекті ғалымы Шоқанға қамқорлық жасап, еңбегіне жоғары баға берген П.П.Семенов-Тянь-Шанский «Небесный хребет и Заилийский край» атты еңбегінде: «Күн шығып тұрған 30 тамызда (1856 жыл – М.Қ.М.) жазық дала арқылы Верныйға келдім. Алматы алқабынан соққан самал жел піскен алмалардың жұпар ісін әкелді (Алма+ты, бұл – алмалы мекен)», – деп жазады (Семенов-Тянь-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань, Москва, 2009, с. 311). Императорлық орыс географиялық қоғамын 40 жылға жуық басқарған ірі ғалым Алматы атауының алмаға байланысты (+ты) нұсқасын ұқыптылықпен түбір сөзден бөліп жазып, ғылыми тиынақтылық көрсетеді.

Түркістан өлкесі Сырдария облысының вице-губернаторы дәрежесінде қызмет атқарған орыс тарихшысы И.И.Гейер де төңкеріске дейін екі рет басылған «Туркестан» атты іргелі еңбегінде: «Верный бұратаналар, дүнгендер мен орыс колонистері арасында «Алматы» деген атпен белгілі. Бұл «алмалы тау» деген мағынаны білдіреді», деп жазады (Гейер И.И. Туркестан, 1909, с. 13).

Верныйдың Алматыдан тамыр тартатынын төңкеріске дейінгі орыс энциклопедиялары да аттап өтпеген. Мәселен, авторлығына Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тартылған «Новый энциклопедический словарь»-дағы «Верный» атты мақалада: «Жергілікті халық арасында Верный әлі күнге дейін тау беткейіндегі алма ағаштарының молдығынан шыққан «Алматы» (алмалы) деген атаумен аталады», деп жазылған («Новый энциклопедический словарь», 1913 г., т. 12, с. 166).

Әуелде шағын бекініс Верныйда Ресей отаршылдығы Орталық Азияға қарай бағытталған әскери-фортификациялық жұмыстар жүргізіп, стратегиялық маңызын күшейте түсті. Сол кездегі әскери құжаттардың басым бөлігінде Верныйдың ресми атауымен бірге оның Алматы нұсқасы да анықтама ретінде қоса қабаттасып жүрді. Өйткені, жергілікті халық ұзақ жылдар бойы жат тілден енген «Верный» деген атауға көндіге алмай, оны «Алматы» деген үйреншікті атымен атайтын. Осындай қосарлы атаудан әбден ығыр болғандықтан 1867 жылы отарлық билік Верный атауын Алматинск («Алма-Ата» емес) деп өзгертеді. Алматытанушылардың назарынан үнемі тыс қалып келе жатқан бұл дерекке күмәнмен қарайтындар да бар. Бұл өзгеріс үкіметтік «Степной комиссияның» 1867 жылы 11 сәуірдегі шешімінде нақты көрсетілген. Дәл осы жылы Қазақ өлкесінде әкімшілік-аумақтық реформа жүргізіліп, 13 шілдеде Жетісу облысы қайта құрылады. Жаңадан құрылған облыстың орталығы ретінде Алматинск қаласы таңдалып, оған бұрынғы Верный атауы қайтарылады. Тарих ғылымдарының кандидаты А.А.Горячева жаңадан құрылған Жетісу облысының атауын осылай келтіреді (Ученые записки, т. XXXVIII выпуск, 1959, с. 103). Бірақ бұл ұсыныс өтпей, облыс ресми түрде «Семиреченская область» деген атауына қайта ие болған.

Алматы облыстық мұрағатында Жетісу облыстық төңкеріс комитетінің қызметіне арналған 350-қордың 1920-1921 жылдардағы бұйрықтар тізімінде «Алматы» атауының кейінгі тарихын күрт өзгерткен Жетісу облыстық ревкомының төрағасы 1921 жылдың 5 ақпанында қол қойған 18-«а» нөмірлі бұйрық сақталған. Бұйрықта Жетісу облыстық ревкомы бұдан кейінгі барлық ресми іс-қағазда қаланың атын «Алма-ата», ал уездің атын «Алма-атинский» деп жазуды жалпыға бірдей міндеттейді. Сол кезде Жетісу облысы Түркістан АССР-іне кірген, ал ол өз кезінде Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республика мәртебесінде болғанын да ескерте кетсек, артық бола қоймас.

Бұйрыққа Қазақстанның 20–30 жылдардағы көрнекті мемлекет қайраткері, кейін өлкелік партия комитетінің 2-хатшысы деңгейіне дейін көтерілген елшіл азамат Ораз Қықымұлы Жандосов қол қойған. Қаланың атын өзгерткені үшін Ораз ағамызды кінәлауға бола қоймас. Ол отаршылдық езгіні бала күнінен өз көзімен көріп, «бұратана, жабайы» деген кемсітулерді жастайынан-ақ естіп өскен. Өзі туып-өскен қаланың ежелден «Алматы» деп аталатынын да жақсы білген. Оның қала атауын жеделдете өзгертуге кіріскен басты мақсаты – тарихқа қиянат, ұлт қабылдауына жат «Верный» деген аттан тездетіп құтылу еді. Төрағаның қаламынан шыққан орыс тіліндегі мақалаларының тіл-стиліне қарап, бұйрықты да өз қолымен жазған болуы мүмкін деп шамалаймыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҮЙ МЕН ҮНЕМ

коммуналдық төлемдерге қалай аз ақша төлеуге болады?

Шілде айынан бастап төлем түбіртегіне барлық коммуналдық қызметтер бойынша төленетін ақы 3–4 мың теңгеге қымбат келеді. Бұл, әрине, көпшілікке ұнап жатқан жоқ. Дегенмен, талап та, тәртіп те барлығымызға ортақ. Бірақ шешілмейтін мәселе жоқ. Егер Сіз аз ақша төлегіңіз келсе, ысырапшыл болмаңыз, үнемдеп үй-реніңіз. Ол үшін мына кеңестерге құлақ түріңіз:

■ Салқындатқышты көп қоспаңыз

Қазір көпшілігінің үйінде ауа салқындатқыш бар. Алайда, оны күні бойы қосып қоюдың қажеті шамалы. Біріншіден, ол денсаулыққа зиян, екіншіден, энергияны көп жейді. Сондықтан мүмкін болса, салқындатудың энергия жұмсамайтын қарапайым һәм тегін түрлерін пайдаланыңыз.

■ Тісіңізді тазалағанда, суды жауып қойыңыз

Көпшілігіміз тіс жуғанда суды бостан-босқа ағызып қоямыз. Ол рас. Егер тісіңізді тазалағанда оны жауып қойсаңыз, сіз кем дегенде 2 литр су үнемдейсіз. Бір айда айтарлықтай айырмашылықты байқайсыз. Сол сияқты, ыдыс жуғанда да (егер ыдыс жуғышыңыз болмаса) суды босқа ағызып қоймаңыз.

■ Бос бөлмелердегі жарықты өшіріп қойыңыз

Бұл кеңес қарабайыр боп естілгенімен көп адам оны ескере бермейді. Әйтсе де, бір бөлмеден екінші бөлмеге кеткенде жарықты өшіріп жүріңіз. Мәселен, танертең жұмысқа кеткенде бір бөлменің жарығын өшірмедіңіз делік. Ал енді сіз жұмыстан келгенше бір апалы шамның күн ұзаққа жанып қалғанын елестете беріңіз. Бір шамның қуаты 60, 75 және 100 Вт болса, олардың әрқайсысы бір сағатта осындай қуатты жағатынын есептеңіз. Егер сізде жеке үй болса, тек көбірек отыратын бөлмені жылытып, таймермен термостат орнатыңыз.

■ Шаңсорғышты жиі тазалап тұрыңыз

Қоқыс жиналған шаңсорғышты пайдалану тиімді емес. Егер ол тазаланбаса, үйді жиыстыру да оңайға соқпайды. Бір жерді бірнеше рет шаңсорғышпен сорып электр қуатының шығынын көбейтесіз. Шаңсорғыштың электр шығыны оның қуатына тікелей байланысты. Орта есеппен ол минутына 30 Вт шығындайды. Үйді жинау кезінде шаңсорғышты жарты сағаттан 1 сағатқа дейін пайдаланасыз.

■ Қысқа толқынды пеш, электр шайнекті пайдалануды азайтыңыз

Өйткені, олар көп электр қуатын жұмсайды. Егер суды пеште қайнатып, тамақты да пешке пісірсеңіз (Алматыда кейбір үйлерде олар электр желілеріне қосылған) шайнекті бір қайнатуға орта есеппен 150 Вт дейін, ал қысқатолқынды пеш 20 Вт жұмсалады. Есептей беріңіз: электр пешінің бір көзі бір сағатта 15 Вт жұмсайды.

Мұздатқышта қатып қалған етті қысқа толқынды пеште еріткенше, оны түскі не кешкі ас дайындағанға дейін біраз уақыт бұрын мұздатқыштан шығарып қойып, өзі еруіне мүмкіндік беріңіз.

■ Пешті алдын ала өшіріңіз

Астаналықтардың көбі пәтерлерінде (жаңа үйлерде) электр пештерін пайдаланады. Оның бір ерекшелігі бар: көп уақытқа дейін қызып тұрады. Осыған байланысты тамақ дайын болуға 5–10 минут қалғанда пешті өшіре беруге болады. Бұл айдың соңында біраз қаражатты үнемдеуге себеп болады.

■ Электр қуатын үнемдейтін құрылғыларды пайдаланыңыз

Заманауи электр құрылғылары тиімділігіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, А класты құрылғылар D класына қарағанда электр қуатын 50–80% аз жұмсайды. Ең тиімсіз G класы саналады. Олар D класына балама құрылғылардан қуатты 25%-ға көп жұмсайды.



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
Ұлттық Ғылым академиясының академигі:



Әрине, О.Жандосов бұйрыққа қол қойғанда Алматы сол кездегі ел астанасы Орынбор да, кейінгі бас қаласы Қызылорда да емес, республикадағы көп уездік орталықтың бірі ғана еді. Сондықтан ревком Жандосовтың бұйрығымен шағын қала атауының өзгертілуіне ешкім назар аударма қоймаған сынайлы. Бірақ бұйрықтың аты – бұйрық. Дәл осы құжаттан кейін барлық ресми қатынаста қаланың орысша атауы «Алмата» деп атала бастайды, бірақ жергілікті халық оны ескі дәстүрмен «Алматы» деп айтудан жаңылған жоқ.

Қазақ жері бір кездері Алаш арыстары жоспарлағандай біртұтас аумаққа айналғанда Қазақстан астанасын өзгерту мәселесі де күн тәртібіне шығады. Республиканың бас қаласын таңдау қатардағы көп шаруаның бірі емес екені белгілі. Солай бола тұрса да, астананы Қызылордадан Алматыға көшіру жайын қарастырған Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің 1927 жылдың 3 наурызындағы отырысы күн тәртібіне артық-кемі жоқ, тұп-тура 20 мәселе шығарылыпты. Соның ел орталығын ауыстыру жөніндегі – 8-мәселесі бойынша мынандай қаулы қабылданған: «Президиум КазЦИКа и Совет Народных Комиссаров КССР постановляет: 1. Центр КССР перенести из г. Кызыл-Орды в г. Алма-Ата. 2. Срок перенесения центра в г. Алма-Ата определить ко времени установления нормальной и бесперебойной связи с последним. 3. Настоящее постановление внести на утверждение предстоящего Шестого Всеказакского съезда советов. 4. Для проработки практических мероприятий о перенесении центра из г. Кызыл-Орды в Алма-Ата создать комиссию под председательством тов. Кулумбетова в составе членов Жолобова, Мусина, Татинова и Носова» (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 30-қор, 1-тізім, 704-іс, 59-бума, 5-бет).

Аталған қаулыға сәйкес, 1927 жылдың 3 сәуірінде өткен Бүкілқазақтық VI съезінде Қазақ АКСР-нің Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің жоғарыдағы қаулысы ресми түрде бекітіледі.

Бұл кезде осы күнгі парламент ролін атқарған – Орталық атқару комитетінің төрағасы қызметін 20-жылдардағы Қазақстанның өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірген, әсіресе Қызылорда қаласы астана мәртебесіне ие болғанда оны абаттандыруға зор үлес қосқан қайраткер тұлға Жалау Мыңбаев еді. Өмірден тым ертерек озған (1929 жылы) бұл азаматтың ел тарихында алар орны ерекше.


Қаулы Бүкілқазақтық съезде рәсімделген кезде төраға Мыңбаев Алматы атауының мәселесін біржолата айқындау үшін дуалы ауыз ғылыми қауымның пікіріне жүгінеді. Мәселе көтерілген кезде Қазақстан мен Орталық Азия республикаларында Ғылыми академиясын былай қойғанда, КСРО Ғылым академиясының филиалдары да әлі ашыла қоймаған еді.

КСРО Ғылым академиясы 1926 жылдың қаңтар айында одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитет (Особый комитет по исследованию союзных и автономных республик) деген ұйым құрады. Орталық мемлекеттік мұрағаттың 30-қорында «О транскрипции назван. гор. Алма-Ата» деген бірнеше парақтан тұратын тарихи құжат сақталған. Құжаттың оң жақ бұрышында «Приложение к протоколу заседания ОКИСАР-а от 16.IV. 1927» деп көрсетілген. Мұндағы ОКИСАР – біз жоғарыда атап өткен КСРО Ғылым академиясының жанындағы ерекше комитеттің аббревиатурасы. «Заключение академика В.В.Бартольда по вопросу транскрипции названия гор. Алматы» деген тақырып қойылған небәрі бір абзацтан тұратын құжатты түпнұсқа тілінде толықтай келтірейік. Онда былай делінген:

«АЛМАТЫ» – слово, образованное из турецкого /или тюркского/ алма «яблоко»; суффикс ты или ту в этом смысле чаще встречается в монгольских образованиях, или в турецких, и слова Алматы в домонгольский период не было; с XIV века оно встречается часто и, очевидно, понималось в значении «места где много яблок». До возникновения русского города «Верный» /сначала укрепление «Верное»/ местность /города тогда не было/ всегда называлось «Алматы»; тоже самое слово употреблялось в письменной и устной речи местного населения для обозначения города «Верный». Слово «Алма-ата» есть, очевидно, народная этимология, возникшая в после революционное время, очевидно, потому, что не знали значения суффикса ты или ту и потому предполагали в слове «Алматы» ошибку. Слово «ата» при географических названиях всегда предполагает существование в данной местности могилы святого, чего здесь нет» (КР ОМА, 30-қор, 1-тізім, 743-іс, 201-бет).

Академик бұл қорытындыға 1927 жылдың 16 сәуірінде қол қойса да, бұған дейін Алматы тарихын ортағасырлық ғұлама қайраткерлер Бабыр, Дулати шығармаларымен салыстыра зерттеп, оны өзінің Түркістан өлкесінің тарихына қатысты бірнеше еңбегінде жариялаған болатын (суретте). Академиктің жазбаша пікірі келіп түскен кезде Жалау Мыңбаев әлі Орталық атқару комитеті төрағасының қызметінде (ол 28 сәуірде босатылады) еді.

АЛМАТЫ – ӘРІ ТАУ, ӘРІ ӨЗЕН, ӘРІ АЛМАЛЫ ӨҢІР



Мұрағатта сақталған Бартольд қорытындысына қызыл сиямен «Необходимо оформить название города «Алматы» деген бұрыштама соғылып, ажыратып оқуға келмейтін қол қойылған. Хаттың Қазақ ОАК-де тіркелгенін ескерер болсақ, Мәскеуден келген ресми құжатқа төраға Ж.Мыңбаев қана бұрыштама соғуы мүмкін.

Осы бұрыштаманың төменгі жағында: «Юр. на оформление путем законных требований», – деген тағы бір сөйлем жазылған. Мұны жоғарыдағы бұрыштаманы заң шеңберінде рәсімдеу үшін заңгерге берілген тапсырма деп қабылдадық. Заңгер тапсырманы мүлтіксіз орындап, өз қорытындысын жасаған. Онда: «Рассмотрев заявление академика Бартольда, полагаю, что дело идет о переименовании г.Алма-Ата в Алматы, каковое имя лексически более правильно. А так как переименования делаются исключительно ЦИКом Союза и войти с ходатайством туда через ВЦМЕ надлежит КЦИК, то, по моему мнению, переписку надлежит передать в КЦИК для означенного ходатайства. Основание: декрет ВЦИК (С.У.№ 41-23 г. №448)», – делінген (Сонда, 207-бет).

«Юрисконсульт Ненсберг» деп қол қойылған қорытынды тым қасаң, құрғақ тілде жазылған. Заң кеңесшісіне қайдағы бір Алматының тағдыры, атауы бәрібір екендігі айқын көрініп тұр.

Академик Бартольд қорытындысының бұдан кейінгі тағдыры бізге белгісіз. Сірә, 1921 жылдан бері орыстіді қатынас қағаздары мен ресми құжаттарда, баспасөз беттерінде «Алма-Ата» деп жазу дәстүрі орнығып кеткендіктен, Бартольдтің ғылыми дәлелмен ұсынған «Алматы» нұсқасын көп ешкім қаламаған сияқты. Оның үстіне орыс тілі грамматикасы негізінде білім алған адамға «Алматы», «алматынец» деп жазу мен дыбыстаудың орнына «Алма-Ата», «алмаатинец» деп жазу да, айту да әлдеқайда жеңіл.

Мың жылдан астам тарихы бар ежелгі қаланың орыс тіліндегі атауы «Алма-Атадан» «Алматы» болып өзгертілгеніне 30 жылдан астам уақыт өтсе де, бұрынғы атауын аңсайтын отандастарымыздың әлі күнге дейін ортамыздан табылатыны және ара-тұра қоғамдық пікір туғызып, жұртты дүрліктіріп қоятыны өкінішті-ақ. Олардың ішінде «Алматы» атауы қазақ тіліне, жалпы түрік тілдеріне жат құбылыс, бұл моңғол, ойрат тілдерінен қалған сарқыншақ дейтіндер де бар. Шындығында солай ма?

Соғыстан кейін қалыптасқан қазақ топонимика ғылымының төл басында қазақтан шыққан алғашқы география ғылымының кандидаты (1949) Ғали Қоңқашбаев ақсақал тұрды. Ол Қазақстандағы жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, бірнеше ғылыми еңбек жазды. Ғ.Қоңқашбаев өзінің алғашқы зерттеулерінде-ақ еліміздің үлкен қаласы әрі ресми астанасы – Алматы тарихына қалам тартты. Ол 1948 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарларында» жарияланған «Название города Алма-Ата» деген еңбегінде Алматының арғы-бергі заманындағы кезеңдеріне тарихи-географиялық тұрғыдан шолу жасай келіп: «Слово «алма» по-казахски означает «яблоко». С прибавлением к основе «алма» приставки «ты» получается сочетание «алматы», не свойственное современному казахскому языку, ибо приставка «ты» допускается лишь после корней, оканчивающихся на глухие согласные (тас – камень, тасты – каменный)», – деп жазады.

Ғалым бұдан әрі өз ойын сабақтай түсіп: «Для нас вполне ясно, что приставка «ты» в географических названиях типа «Алматы» является древней формой окончания в группе тюрко-монгольских языков (между прочим, приставка «ты» в ряде монгольских языков сохранилась до сего времени с тем же значением и после гласных – Согуты, Могуты и др.), – деген қорытындыға келеді («Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», №58, 2-шығарылымы, 1948, 77-бет).

Ғ.Қоңқашбаев «Алматы» этимологиясын «моңғолдан шыққан» деп тура тартпайды. Қазақ жерінде таза ұлт ұғымынан туындаған «Сілеті», «Бұғыты», «Бұланты» сияқты таза

түркілік сипаттағы гидроним, оронимдердің кездесетінін, «Алматының» түбірінен барлық түркі тілдерінде тура сол мағынада кездесетін «алма» сөзі менмұндалап тұрғанын жақсы білетін қазақ ғалымы оның «түркі-моңғол» тілдер тобына тән көне жұрнақ екендігіне баса назар аударады. Мұның арғы жағында абайсызда айтылған бір ғана сөз үшін «пантюркист», «ұлтшыл» деген айдар оп-оңай тағыла салатын заманда жасалған саяси сақтық жатуы да мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Аға буын топонимистерінің бір тобы «Алматыны» «Алматы + тау» деген мағынадан шығарады. Е.Қойшыбаев 1974 жылы жарық көрген «Краткий толковый словарь топонимов Казахстана» атты еңбегінде және 1985 жылы басылған осы кітаптың толықтырылған нұсқасы – «Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде» осындай пікірді алға тартады. Кейінгі еңбекте автор: «Алматы» атауын екі сөзден: алма және ту (тау) сөздерінен біріккен деуге болады», – деген тұжырым ұсынады.

Бұл пікірмен де келісу қиын. «Алматы» тау атын білдіретін ороним болса, «+ты» формантымен жасалған қазақ жеріндегі толып жатқан гидроним, зооним, фитоним, ойконимдерді қайда қоямыз.

Зерттеушілерді сарсаңға салып жүрген «-ты» топоформанты қайдан шыққан және бұл қай тілге тән құбылыс? Енді осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Қазақтың көрнекті топонимист ғалымы Айтым Әбдірахманов бұл туралы: «Ты, -ті жұрнақтары қазіргі қазақ тілінің заңы бойынша -лы// -лі, -ды// -ді түріне айналып, Алматы емес, Алмалы, Шідерті емес, Шідерлі, Өленті емес, Өленді түрде болуы керек еді. Бірақ олай болмай -ты// -ті жұрнақтарының сақталуы көне қазақ тілінде де мұндай форманың болғандығын және оның өзі қазіргі -лы// -лі, -ды// -ді варианттарының ең ескі түрі екендігін дәлелдейді» (А.Әбдірахманов Топонимика және этимология. Павлодар, 2010, 66-бет), – деп кесімді пікір айтады.

Тілдік реконструкция тұрғысынан алғанда сөзжасамдағы көнетүркілік «ты» форманты бүгінгі қолданыстағы «лы» жұрнағының бастапқы проформасы.

Ұлттық топонимикадағы жиі кездесетін «-ты» қосымшасының көне түрік тілінің заңды жалғасы – қазіргі қазақ тіліндегі көне жұрнақтың бірі екендігі жөніндегі мәселенің басын біржолата ашып алғаннан кейін соның негізінде жасалған сөздің мағынасына үңіліп көрейік.

Ұзақ жылдар бойы талқыға түскен бұл сұрақтың тоқтамды пікірін танымал лингвист ғалым Телкожа Жанұзақов айтты. Ол: «Сөз соңындағы қосымша -ты жер-су аттарында жиі кездесетін, бір нәрсенің молдығын, көптігін білдіретін көптік жалғаудың көне түрі» (Т.Жанұзақ Қазақстан географиялық атаулары. Алматы, 2005, 62-бет), – деп жазады. Егер бұл тұжырымды Алматыға қолданар болсақ, ол – алма жемісі мол өскен мекен. Топонимикалық атау сол жердің географиялық ерекшелігі, флорасы мен фаунасынан туындайды. Алматы – әрі тау, әрі өзен, әрі алмалы өңір. Тіпті, Алматының қос бұрымы сияқты Алатаудан күркіреп аққан, тасығанда тау қопаратын қос өзен – Үлкен және Кіші Алматының түбірі де «алма», яғни жағасында алма жемісі мол өскен фитонимдік әрі гидронимдік атау.

Кейбіреулер «Алматы» деген бір ғана топоним төңірегінде осыншама әңгіме өрбітудің қажеті бар ма? деп ойлауы да мүмкін. Мұнда үлкен саясат, ең бастысы, елеулі ұлттық мүдде бар.

Эстон халқының тәуелсіздікке ұмтылысы бір әріптен басталғаны мәлім. Эстон КСР-інің Жоғары кеңесі Кеңес одағындағы жариялықты пайдаланып, 1988 жылы 7 желтоқсанда ел Конституциясының орысша нұсқасында мемлекет астанасын бұрынғыдай Таллин емес, Таллин деп жазу керектігі жайында шешім қабылдайды. Бір ай өтпей жатып Конституцияға ресми түрде тиісті өзгеріс енгізілді. Дәл осы оқиға ел ішінде зор патриоттық, ұлттық өрлеу туғызды. Нәтижесінде, Эстония КСРО-ны таратқан Беловеж оқиғасынан бір жарым жыл бұрын (1990 жылы 8 мамырда) 1938 жылғы Эстон Республикасының Конституциясын қалпына келтірді. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезде Эстония Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшесі болып үлгерген еді. Тілге, ұлттық мүддеге деген бір әріптен бастаған құрмет тұтас ұлтты ұлы мұратына жеткізді.

(«Егемен Қазақстан», 17 шілде, 2023 ж.).



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘНІР

ҰЛТТЫҚ ЖОБА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

«Жайлы мектеп» жобасы білім ошақтарын әлемдік стандарттарға сай сәйкестендіреді

Алматыда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында 37 мыңнан астам оқушы орны пайдалануға берілетін болады. Дәл осы мақсат үшін, яғни «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 22 білім ордасы салынбақшы.

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Алматыдағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асырылу барысы туралы шаһар басшысы Ерболат Досаевтың басшылығымен «Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ және басқа да жауапты сала өкілдерінің қатысуымен өткен жиында кеңінен талқыланып, нақты жұмыстар белгіленді. Сонымен, қаламызда бой көтеретін 22 жаңа мектеп 37 100 оқушыны орынмен қамтамасыз ететін болады. Жаңа мектептердің құрылысы қаланың әртүрлі ауданында жоспарланып отыр. Әкімдік қаланы білім беру мекемелерімен мемлекеттік тапсырыс, жер телімі иелері салған мектептің дайын болғанда сатып алу және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы құрылыс сияқты қамтамасыз етудің 3 тетігін пайдаланады.

Бұған қоса, шаһарымызда тағы да мемлекеттік бюджет есебінен 23 100 оқушыға арналған 13 мектеп және 12 мың орынды 8 мектеп салынады. Бұл ретте Алматы әкімдігі меншік иелерінен дайын мектепті сатып алатын болады. Мәселен, «Алғабас» ықшамауданында 2000 оқушыға арналған мектеп мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде бой көтеріп, оның іске асуына «Samruk-Kazyna Construction» АҚ жауапты болмақшы. Қазіргі уақытта мемлекеттік қордың балансындағы 10 жер учаскені қала әкімдігі тапсырысты орындаушыға берді. Екі учаске қолданыстағы №97 және №154 лицей ғимараттарын бұзғаннан кейін ғана беріледі.


Жиын барысында қала әкімі ескі ғимараттарды бұзу жұмыстарын 1 тамызға дейін аяқтауды тапсырды. Дәл қазір қала басшылығы Розыбакиев–Левитан көшелерінің қиылысындағы тағы 1 учаскені сатып алу құны бойынша меншік иесімен келіссөздер жүргізуді бастады. Келіссөздер сәтті аяқталғаннан кейін, аталмыш учаске «Samruk-Kazyna Construction» АҚ балансына беріледі. Сондай-ақ, тиісті қағидада жер телімінің иесі есебінен білім беру мекемесінің ғимаратын салу және қажет болған жағдайда инженерлік желілерді жүргізу жағы да көзделіп отыр. Қазіргі таңда барлық инвестормен тиісті меморандумдарға қол қойылып, құрылыс жұмыстарын IV тоқсанда бастау мәселесі жоспарланды.

Жиын соңында қала әкімі Ерболат Досаев бой көтеретін мектептердің құрылысын сапалы жүргізіп, оларды тиісті уақытында пайдалануға беру жөніндегі басқармалардың жұмысын жеделдетуді тапсырды.

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ БІЛІМ

Елімізде Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылға дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырма беруі білім жүйесіне жаңаша леп беріп, тамырына қан жүгірткені белгілі. Бүгінгі ұтқыр уақыттың ұтымдылығы – қазір құрылысы қолға алынған мектептердің межелі уақытта пайдалануға берілетіндігі. Жаңа мектептер саны артқанымен, қаламызда мектептерге деген сұраныс әлі де жоғары. Бұған қала тұрғындарының өсу динамикасы да өз әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Мәселен, халық саны тығыз орналасқан Алатау ауданында оқушы орнына деген сұраныс жоғары. Сәтін салса, жобаға сай Алатау ауданында 5 мектеп салынатын болды. Оның үстіне аудан аумағында мектеп құрылысы үшін жер телімдерін табуға да мүмкіндіктер бар.

Шындығында, күні бүгінге дейін білім нысандарын салуға тек мемлекет қаражаты



жұмсалып келгені белгілі. Ал қазіргі таңда қаражаты бар, қалталы азаматтар да еліміздің үшін өз үлестерін қосып, білім ошақтарын салу ісіне белсене атсалысып жатыр. Бұл, әрине, «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген аталы сөздің текке айтылмағанын көрсетсе керек. Өз кезегінде өте құптарлық бастама екені даусыз. Сондықтан ұлттық жоба ұлт үшін, ұрпақ үшін аса маңызды. Өйткені, еліміздің өркендеп, көркейіп, дамыған мемлекетке айналуы бүгінгі ұрпаққа тікелей қатысты. Дәл қазіргі таңда мемлекетіміз толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көшіру керек екенін де алға тартып отыр. Бұл – уақыттың талабы.

Осыдан біраз уақыт бұрын Мемлекет басшысы «Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Дәл қазіргі уақытта 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдасак, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынымын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін», – деген еді.

Иә, мектептердегі орын тапшылығы дер кезінде көтерілген мәселе. Тіпті, еліміздегі ең өзекті, шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі – бірнеше ауысымда жұмыс істейтін мектептер санын азайту болса, бұл мәселе де қазір өз шешімін тауып жатыр.

Бүгінгі таңда тиісті саланың нақты мәліметі бойынша, елімізде 7,6 мың мектеп бар. Олардың 2,3 мыңы қалада, 5,3 мыңы ауылдарда орналасқан. Осы мектептерде білім алып жатқан оқушылар саны 3,6 млн-нан асып отыр.

Қазақстандағы 5,2 мың мектеп екі ауысымда білім береді. Сонымен, дәл қазір

еліміз бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына орай «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынып жатыр.

Елімізде балабақшадан бастап, білім берудің барлық деңгейлерінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету қолға алынууда. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, 2021 жылдан бері 674 балабақша, 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сонымен қатар, тағы да 1436 мектеп жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарттары бойынша 840 мың орын беретін мектеп салынатын болады.

Сонымен, биылдан бастап, елімізде «Жайлы мектеп» жобасы орындала бастайды. Әрі бұл жоба басқа ұлттық жобалардан ерекше, бірегей.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Жаңадан бой көтеретін «Жайлы мектептер» мен қазіргі салынып жатқан мектептердің тұжырымдамалық айырмашылықтары – құрылыстың бірыңғай стандартының сақталуы, заманауи пән кабинеттерімен және зертханалармен толық жабдықталуы, 1–4-сынып оқушылары мен 5–11-сынып оқушылары үшін бөлек блоктардың болуы, құрылыс және әрлеу материалдарының сапасы жоғары болуында. Бұған қоса, оқушылардың санын ескере отырып, көбірек спорт залдары ашылатын болады. Әрбір мектепте қыздар мен ұлдарды еңбекке тәрбиелеу үшін арнайы шеберханалар қарастырылады. Тағы бір тиімді тұсы – 1,5 млн орын салу арқылы біртіндеп бір ауысымды оқу форматына көшуге жол ашатын игі бастама.



Ұлттық жоба аясында жыл сайын шағын қалалардың өзінде мыңнан астам мектеп жаңарып отырады. Бұл ретте қолға алынып жатқан жұмыстар мектептерде 6 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі. Мәселен, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиназдарын жаңарту, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғырту, қауіпсіздікті жақсарту.

Жаңаша мектептерде білім алатын оқушылар заманауи ғылымды дамытуға да өз үлестерін қосатын болады. Өйткені, «Жайлы мектептерде» білім алатын оқушылардың әлемдік білім бәсекелеріне қатысуға мол мүмкіндіктері болады.

Мәселен, 2004 жылдан бері өткізіліп отырған «World Robot Olympiad (WRO)» олимпиадасына біздің еліміз тек 2014 жылдан бері қатысып келеді. Биыл 73 елдің 365 командасы финалда үздік атақ үшін сынға түсіп, іріктеу кезеңіне бүкіл әлем бойынша 15 000 команда қатысты.

Ендігі жерде біздің оқушыларымыздың да осындай әлемдік бәсекелерге қатысуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында роботтехника, химия, биология, физика пәндері бойынша кемінде 7000 заманауи мектеп кабинеттері ашылатын болады. Осылайша «Жайлы мектептерде» жыл сайын орта есеппен 900-ге жуық роботтехника, химия, физика, биология кабинеттері ашылып, оқушылары тек байқауларға ғана қатыспайды, білім беру сапасын арттыруға да әсер ететін болады.

Қазіргі таңда мектептерде пәндерді оқытудың инновациялық әдістерін енгізіліп, қажетті оқу материалдары цифрлы форматқа ауыстырыла бастады. Яғни оқулықтарды цифрлы форматқа көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осылайша біздің оқушыларымыз да цифрлы сабақтар, жаттығулар мен тапсырмаларға қосымша қол жеткізіп, мектепте дәстүрлі баспа оқулықтарын пайдалануға мүмкіндік алатын болды.

Айтпақшы, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қазақстан бойынша балаларды сауықтыруға арналған 50 лагерь ашылады.

Аталмыш жоба барысында оқушылардың демалыс және сауықтыру лагерьлеріне қолжетімділігін кеңейту жағы да жоспарланып отыр. Әрбір бала өзінің қалауы бойынша спорттық секцияларға немесе шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алады. Жалпы, мұндай жұмыстар мәдениет және спорт, сондай-ақ білім беру ұйымдарының желісі арқылы да жүргізіледі.

«Жайлы мектеп» жобасы мектептерді әлемдік стандарттарға сәйкестендіріп қана қоймай, оқушыларымыздың сапалы, жан-жақты білім алуына да ерекше әсерін тигізеді.

Жалпы, «Жайлы мектеп» жобасы халқымыз ұзақ күткен пайдалы жоба болып тұр. Сәтін салса, осынау мектептерде білім алған жас ұрпақтың қатарынан ұлттың нағыз зиялылары шығатын күн де алыс емес.



МӨЛТЕК СҰХБАТ

Моншақты



Алқа, жүзік, сырға, білезік, шекелік, өңіржиек, шашбау сынды ұлттық үлгідегі әшекейлер жасауда өзіндік өрнегін қалыптастырған қолөнер шебері Меруерт Ермакованың «Алтын тас» аталатын брендтік бұйымдары әрдайым сұранысқа ие. Байырғы ісмер, шебер аналарымыздың ізін жалғап жүрген Меруерт Үсенбекқызының көнеңің көзіндей болған кәсіпті заманауи үлгіде жаңғыртып, жалғастырып, дөңгелетіп жүргеніне он жылға жуықтапты. Нәзік те сезімтал саусақтарына ілінген әр моншақты, тасты асқан талғаммен үйлестіре отырып тізіп, бүтін бір бұйым құрап шығару үшін аса төзімділік пен ептілік қажет-ақ. Назарларыңызға қолөнершімен болған мөлтек сұхбатымызды ұсынамыз.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

СОЛ БІР КЕЗ

– Сізді қолөнерге ғашық еткен не? Әкеден не түйдіңіз, анандан не алдыңыз?

– Бала кезімнен киіз басуды, кілем тоқуды көріп өстім. Қолдан жасалған зат ерекше ғой. Ауылдағы апаларым киіз басуға асарға келгенде қарап отыратынбыз қызықтап. Содан болар, қолөнерге деген қызығушылығым басым болды. Есімім де Меруерт деген тастың аты.

Анам – ұстаз, әкем – зоотехник, екеуі де көзі ашық кісілер. Анам кішкентайымда көз тимесін деп ырымдап мойныма, қолыма моншақ тағып қоятын. Кішкентай кезімдегі барлық суретімде мойнымда моншақ бар. Анам белдемше, сарафан, көйлек тігіп беретін. Қыстық шапка, шарф, қолғап, бәрін өзі тоқитын. Қолөнер ғой бәрі де. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген, анамнан алған тәлім-тәрбием қазіргі осы жұмысым.

Кісі ақысын жемеймін, дұрысты – дұрыс, бұрысты – бұрыс деймін, шындықты ұнатамын. Соған қарамастан, қолым ашық, ақкөңілмін. Бұл – әкемнен берілген қасиет.

ЫРЫМШЫЛМЫН

– Ең алғашқы туындыңыз есіңізде ме, ол өзіңізде сақталған ба? Жоғары сұранысқа ие бұйымыңыз қайсы?

– Ең алғашқы жұмысым – ол тастардан жасалған алқа. Сосын оны Instagram-ға салдым. Содан тапсырыс түсе бастады. Демек, алғашқы жасаған алқам сатылып кетті.

Барған жерімде өзімнің жасаған әшекейлерімді тағып, жарнамалап жүремін, қолымнан білезік түскен емес. Ырымдаймын көз тимесін деп.

Әшекейден бөлек, ағаштан тарақ, «Жеті ата тақтасын», моншақтан жасалған сувенир ағаштар, тақиялар, тағы да басқа бұйымдар жасаймын. Солардың ішінде есімі жазылған заманауи алқаларға сұраныс өте жақсы. Күмістен жасаймыз. Сосын тастардан түзілетін тәспі, білезік, тұмарға сұраныс жоғары. Тұтынушының көңілінен шығуға ұмытылып келеміз. Өйткені, жыл сайын жаңа зат шығады. Бәсекелестік көп. Сәннен қалмауымыз керек.

СИҚЫРЫ БАР

– Маған әшекей бұйымдарды үсті-үстіне тағып алатын кейбір қыз-келіншектер талғамсыз сияқты көрінетіні бар. Әрине, «талғамға талас жоқ», бірақ осы тұрғыдағы көзқарасыңыз қандай? Жалпы, әдемілік дегенді қалай сипаттаған болар едіңіз?

– Ол рас, трендтен қалмайық деп, әшекей бұйымдарды жарасса да, жараспаса да таға беретіндер бар қазір. Бұрынғы заманда сондай үсті-үстіне тағылған заттарына қарап сыған, бақсы деп ажырататын болған ғой. Әрине, өзіңіз айтып отырғандай, «талғамға талас жоқ». Дегенмен, қыз-келіншектердің талғампаз болғаны жақсы. Қыз деген – нәзіктіктің символы. Атына заты сай нәзік болғаны дұрыс. Мысалы, әшекей бұйымдарын көйлегіне, сөмкесіне сәйкестендіріп тақса, анағұрлым жинақы, әдемі көрінеді. Қазір жіңішке алқалар сәнде. Егер мойны қысқа болса, ұзын сырға тақса, мойынды ұзартып көрсетеді. Міне,

осындай кем-кетікті жасырып жіберетін «сиқыры» бар әшекейлердің.

ТАБИҒАТ СЫЙЫ

– Жаныңыз жабырқаған сәттері неге сүйенесіз, неден жұбаныш іздейсіз? Өміріңізге серпіліс, ерекше шабыт әкелген, кәсібіңізді дөңгелетуге сеп болған бұйымыңыз қайсы? Шабытты қайдан аласыз?

– Табиғатты жақсы көремін. Жаным жабырқағанда табиғатқа шығып, құстардың, шегірткенің әуенін тыңдасаң, шіркін! Табиғаттан шабыт аламын. Гүлге қарап отырып, ертеңіне сондай алқа жасаймын. «Жасыл шөптегі гүлдер» деген алқам бар. Тастар да табиғаттың бір бөлшегі ғой. Тас, ауа, су, ағаш, шөп – бәрі табиғат. Қыз-келіншектер тасы, көзі бар әшекейлерімді көбіне ырымдап алып жатады. Емдік қасиеттері де бар олардың. Мысалы, бирюза – әйелдердің тасы, шунгит – ер адамдарға жақсы. Ал авантюринді байлық шақырады деп ырымдайды. Гематит қан қысымы жоғары адамдарға, янтарь зоб ауруына пайдалы. Ай тасы адамның арманын орындайды дейді. Нефрит – мұсылман тасы, бұл тастан көбіне тәспі жасаймын. Аметист, коралл, гранат тастарын да көп сұрайды. Бұл тастардан жасалған әшекейлер қымбат болады, өйткені тастары да қымбат болып келеді.

ТӨЗІМ ТУРАЛЫ

– Моншақтарды түзу, тастарды қондыру төзімді, сабырды, ептілікті, нәзіктікті қажет ететін жұмыс, үйренгісі келетін жастар жағы қалай, қолөнерді сүйетін қыздар көп пе? Шәкірттеріңіз бар ма?

– Жалпы, қазіргі жастар мұндай жұмысты үйренгісі келмейді. Себебі, бұлай күні бойы шұқшып жасап отырғанша дайынды сатып алғанды дұрыс көреді. Кейбір қыздар болды, үйренемін деп келіп екі-үш күннен соң кетіп қалған. Инемен құдық қазғандай жұмыс қой біздікі. Төзімділік керек. Оған олар шыдамады. Өкінішке қарай, қолөнерге қызығушылық аз. Басын бастап, аяғын тастап кететін «қолөнерші» көп. Үйренемін деуші қыздар болса, әрдайым есігім ашық! Мынау шәкіртім деп нақты ешкімді бөліп-жарып айтпаймын, бірақ білгенімді талай қызға үйреттім.

САҒЫНЫШ

– Біз дәстүрлі қолөнерді қаншалықты бағалап, құрметтеп жүрміз?

– Қолөнерді дұрыс бағалап, құрметтеп, сіздер секілді жазып, дәріптеп жатса, қуанамыз. Себебі, бізде қолөнершілер бағаланбайды. Сәукелені қаншама күн көз майымды тауысып жасаймын, бірақ арзан бағаға сұрайды. Сол секілді, жұмысымыз қиын, бірақ бағаланбай көлеңкеде қалып кетіп жатамыз. Көрмелерге шақырады, бірақ тұратын орынға ақша төлейміз. Ешқашан қолөнерші деп құрметтеп бір парак мақтау қағазын да берген емес ешкім. Айта берсек көп қой. Сондықтан болар, ешкім қолөнермен айналысқысы келмейтіні.

– Не нәрсеге уақыт таппайсыз?

– Кітап оқуға уақыт жоқ болып жатыр. Оқушы, студент кезімізде кітапты кітапханадан шықпай, күн құрғатпай ауыстырып тұрып оқушы едік. Сол кездерді сағынамын.





САРАПТАМА

Біз әлемнің қазіргі бет-бейнесінен терең дағдарысты көріп отырмыз. Анық көрініп тұрған белгілері қатарында мемлекеттер арасындағы сенім дағдарысын; экономикалық өсудің тұралауын; технологиялық дамудың күтпеген әсерлерін; Украинадағы соғысты; АҚШ–Қытай арасындағы шиеленіс және өзге де толып жатқан мысалдарын атар едік. Бұның бәрі, түптеп келгенде, әлем елдерінің саяси үйектенуі (поляризация), экономикалық жүйені қайта қалыптау немесе жаңа әлемдік тәртіп құру сынды мега-масштабты құбылыстарға ұласып жатыр.



ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БАСТАУЫ

Күрделі өзгеріс тұсында біз не істеуіміз керек?

(Басы 1-бетте)

Өткен ғасырдың алып картинасына көз жүгіртетін болсақ, екі реткі жаһан соғысын бастан өткерген және аса жойқын қырғындағыш қуатқа ие қаруларға қол жеткізген адамзат ес жинауына тура келді. Халықаралық қауымдастық құрып, бейбітшілік пен тұрақтылықты ортақ мақсат ретінде ұстанатын жаңа әлемнің шымылдығын ашты. Бірақ қазіргі жағдайда өткен ғасырдың ортасынан бері қалыптасқан халықаралық тәртіп бұзыла бастады. Халықаралық қауымдастықтың өзі ірі державалардың мүдде қайшылығынан өрбіген дау-шарларды реттеуге дәрменсіз күйде қалды. Қазіргі тап келген дағдарыс тек мемлекеттер арасындағы шиеленістер ғана емес, климат өзгерісі секілді барлығына ортақ мәселелерді де алға қойды.

Бірақ дағдарыс атаулы соншалықты жаман құбылыс емес екенін айта кеткен жөн. Г.А.Киссинджер, З.Бжезинский немесе Ф.Фукуяма секілді жаңа дәуір ойшылдары әр жаңа бұрылыс, дамудың жаңа сатысына өту алдында адамзат қоғамы терең дағдарыстарды бастан өткеретінін заңдылық ретінде сипаттайды. Әрине, дағдарыс тұманы айыққаннан кейінгі әлемнің қандай болатынын дәл болжап айту қиын. Дегенмен, оны тудырушы факторларды қарай отырып, қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада болжауға негіз табылады.

Үрдіс қай уақытта, неден басталды?

Мұндай ауқымды құбылысты бірер сөз-сөйлемге жинақтау қиын. Тіпті, нақты қай уақыттан басталғанын қазіргі саясаттанушылар да тап басып айта алмайды. Біреулері бұрнағы жылы болған «Брекситтен» басталған десе, кейбірі Қырым дағдарысынан бері әлемді қайта бөліске салу сынды қауіпті үрдіс жарыққа шықты дейді. Ал кейбір зерттеушілер Трамп тұсында басталған АҚШ–Қытай арасындағы сауда соғысы геэкономика және геосаясатта жаңа әлемдік тәртіп құру мәселесін күн тәртібіне қойды деп санайды. Пікірлер алуан түрлі болғанымен, қазіргі жаһандық геосаяси жағдайдың түпкі себебі ірі державалар арасындағы бәсекеде жатқанын көреміз. Сонымен бірге, осы мәселелердің бәрі де қысқа мерзімде пайда болмағанын да білеміз. Айталық, АҚШ–Қытай арасындағы сауда соғысы Ақ үйге Дональд Трамптың келгені үшін басталмағаны анық. Бұл арада мәселе – Вашингтон мен Бейжіңнің ұстанымындағы, көзқарасындағы алшақтық. Қалыптасқан және қалыптасу үстіндегі жаһандық екі держава ортасындағы мүдде қашан болмасын бір шиеленіске апарып соғатыны ертеден-ақ белгілі еді. Ал «Брексит» ісі де процесс жүзеге асқан кездегі саяси-әлеуметтік немесе экономикалық мәселелерге тәуелді емес еді. Британияның ЕО құрамынан шығу тақырыбы, мүмкін, ол ұйымға кірген кезден бастап қойылған да болар.

Демек, құбылыстың түп-төркіні арыда. Саясат та, экономика да жекелеген адамдардың мүддесіне орай пайда болады. Мұндағы жеке тұлғалар дегеніміз – билік иесі немесе саясаткерлер емес, қоғамды құраушы әр жеке адам. Сондықтан әлемдегі бір мезгілдегі бұндай ауқымды құбылыстың қашан және қайдан басталды деген сұраққа саясаттанушылардан гөрі әлеуметтанушыларда сенімді жауап бар болуы мүмкін. Айталық, америкалық Ларри Даймонд қазіргі дәуірді «Демократияның құлдырау кезеңі» деп атағаны бар. Ол адамзат қоғамындағы құндылықтардың жаңаруын саясат, экономиканың бүгінгідей кейіпке келуіне ең негізгі себеп ретінде ұсынады. Әрине, саясат пен экономиканың түбінде әлеуметтік құндылықтар сынды таған тұратынына барлық әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар «имандай» сенеді.

Сонымен, жаһандық сипатқа ие бүгінгі шиеленісті жағдай, шындап келгенде, әлем халқына ортақ. Үрдістің беткі сипатында мемлекеттер арасындағы саяси үйектерге жіктелу тұрған болса, әр екі тараптағы елдердің өз ішінде де оңшылар мен солшылардың арасындағы бөлініс жоғары деңгейде.

НЫСАНАЛЫ МЫСАЛДАР:

- Францияда либерал-демократтар атынан Эмманюэль Макрон президент болып сайланған кезде оның басты қарсыласы Марин Ле Пен де ауқымды электоратқа ие екені белгілі болды.
- 2020 жылғы АҚШ сайлауында Демократтар мен Республикашылдар арасындағы тартыс тарихтағы ең ұмытылмастай деңгейде өтті. 2024 жылы болатын келесі президент сайлауында Құрама Штаттарда «батысшыл» мен «көктер» арасындағы бәсеке тіпті тартысты болады деп болжануда.
- Биыл маусымда өткен Түркиядағы президент сайлауын еске алыңыз, консерватор ретінде бағаланатын Режеп Тайып Ердоған жеңіске жеткенімен, «батысшыл» деп танылған оппозициялық альянс өкілі Кемаль Кылычтароглы қолдаушылар да сайлаушылардың жартысына жуық болды.
- Егер мемлекет тарапынан ашық мойындалатын болса, елімізде де 2019 жылы өткен президент сайлауында осыған жақын мысал табылар еді.

Мәселенің мәні қайда?

Шындап келгенде, әлемдегі құбылыстар адам танымындағы құндылықтардың өзгерісінде жатыр. Ең әуелі құндылықтардың жаңарып отыруы – адамзатқа ортақ әрі табиғи құбылыс. Әр дәуірде әртүрлі факторлардың әсерімен әлеуметтік құндылықтар жаңарады. Бұрынғы дәуірлерде дін дүниетаным мен құндылықтардың өзгерісіне әсер етуші басты фактор болып келсе, қазіргі кезде жаңа технологиялар оның орнын басты. XX ғасырдың соңғы жартысында компьютер қоғамға енді, соңғы он жылдығында ортақ ғаламтор пайда болды, ал 2000 жылдардан кейін ұялы байланыс құралдары әр адамның қолына өтті. Соңғы 10 жылда 3G және 4G жеке адамдардан тартып, тұтас қоғам санасына жарылыс сипатында әсерлер берді. Алдағы уақытта 5G алдыңғы төртеуінен де күштірек әсер ететіні анық. Бұл дәстүрлі қоғамдық институттардың рөлін әлсіретті. Егер әлеуметтанушылар айтатын дәстүрлі қоғамдық институттардың рөлінің әлсіреуі 1990 жылдардан басталды деген дәйекке сенсек, онда бұл процесс тікелей жаңа технологиялардың дамуына қатысты екенін аңғару қиын емес.

Олай болса, құндылықтардың өзгерісі халықаралық геосаясат пен геэкономикаға қалай әсер етті? Бұндай сұрақтың туындауы заңды. Өткен ғасырда әлем капиталистік және социалистік екі үлкен лагерьге бөлінді. Ал турасында екі үлкен көзқарасқа бөлінді. Алдыңғысы ерік бостандығын алға шығарып, сол арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етуді ұстаным етіп алды. Енді бірі болса, революциялар, азаматтық соғыстар арқылы әлеуметтік және экономикалық теңдік құруды көздейді. Былайша айтқанда, байлықты қайта бөліп, ары қарай бәріне ортақ жоспарлы экономикамен жүргізілді. Екі көзқарастағы әлем бейбіт тұра алмады. Кемінде идеологиялық соғыс, тіпті ядролық соғыс қаупімен әлемді қорқытып отырды.

Ал қазіргі қоғам өткен ғасырдағыдан да күрделі бола түсті. Жаңа технологиялар мен әлемдік өзара әсерлесу ықпалында, жекелеген адамдардың санасында эгоизм мен индивидуализм саңырауқұлақша өсіп шықты. Бір кездері ашық экономика мен әлемге ортақ құндылыққа қарай ұмытылған либерализмді жақтаушы елдердің өзі қазір

иммиграцияға қарсы шараларды күшейтуде. Бұл арада батыл түрде мынадай бір идеяны айтуға да болады: Адамзат коммунизмге дайын болмағаны секілді, демократия мен либерализм құндылықтарына да табанды бола алмайтынын көрсеткендей. Еуропаның өзінде либерализм мен иммиграция өздерінің ұлттық мүддесіне қайшы келеді деп санайтын саясаткерлер өз электораттарын жыл сайын көбейтіп жатыр. Венгрия, Италия, Франциядағы соңғы сайлаулар, қазіргі билік партияларынан осыны көруге болады. Ал Үндістан, Мьянма, Шри-Ланкада ұлттық және діни құндылықты басты орынға шығару үрдісі бар. Ондағы мұсылмандарға жасалған қысымдар сырт тараптан қаншалықты сыналса да, ішкі жағдайда өзгеріссіз қалды. Британияда «Брекситті» қолдап дауыс берушілер «ортақ өгізден, оңаша бұзауым артық» дегенге тоқтады.

Қорыта айтқанда, әр қоғамдағы түрлі ұстанымдардың қайшылығы бұрындары жабық күйде болса, қазір ашыққа шықты. Тіпті, сакральді мәнге ие болған діни ұстанымдарды жақтаушылар мен оларға қарсылар ортасындағы қайшылық ашық пікірталастарға, кейде тіпті қықтығыстарға дейін ұласып жатыр. Осындай толып жатқан үрдістер жекелеген елдердің саясат пен экономиканы құрудағы ұстанымдарына, одан ары қарай жаһандық геосаяси картинаға дейін әсер етіп жатыр деуге болады.

Жаһандық өзгерістер ұлттық мүддені қорғаудағы қабілетімізді жетілдіре түседі

Жаһандық саясат пен экономикалық климаттың құбылмалы екені шын. Барлық елдер секілді, бізге де терең әсер етіп тұрған халықаралық дағдарыстар бар. Украинадағы соғыс, АҚШ–Қытай арасындағы шиеленіс, энергия мәселесі, жаһандық климат өзгерісі, т.б. дегендей. Шағын немесе әлсіз елдердің ұлттық мүддесі сырт тараптан шешілмес үшін құбылыстар бізге сыртқы қатысуды белсенді етуді міндеттеп отырғандай.

Бірақ бұның бәрі біздің елдің бақылауынан тыс жағдайлар. Қазақстан сынды Орта Азиядағы немесе өзге де дамушы елдер бұл жағдайды оңды шешуге ықпал етуі өте қиын. Болған күнде де ұжымдық іс-әрекеттерді табанды түрде ұйымдастыруды қажет етеді. Мәселе, тіпті тұтас адамзат өркениетінің бұрылысы немесе жаңа кезеңіне қатысты болғандықтан, бұл арадағы шағын елдердің дауысы тіпті әлсіз. Сондай ырықсыз жағдайда мемлекеттің міндеті не деген мәселенің жауабы өзінен-өзі дайын тұр. Қазіргі дағдарыс тұманы айыққанда, болашақ мемлекетіміз қандай болады деген сұрақтың да жауабы сонда болса керек. Біз үшін ең басты міндет – өз қоғамымызды зерттеу. Оның әрбір жеке мүшесінің ой-танымын, көзқарасы мен құндылығын тану және мойындау. Оны азшылық немесе көпшілік ретінде бөле-жармастан, бәріне ортақ құндылықтарды анықтау және мемлекет саясатын сол негізде құру.

Мемлекет қана емес, қазіргі жаһандық үрдіс әр қоғам мүшесіне де міндеттер жүктейді. Технологиялық жаңарудың ықтимал әсерлерін табу үшін барлық сала біліктілікті талап етуде. Ақпараттың шын-жалғанын анықтаудан тартып, әлеуметтің мінез-құлқын анықтауға дейінгі, астық егуден тартып, ғарышқа ұшуға дейінгі барлық сала жүйелілік пен нақтылықты талап етеді. Ал мемлекет осылар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге, қоғам өкілдерінің еркін таңдау жасап, өз құндылығын ұсынуына жағдай жасауы тиіс. Бұл жаһандық өзгерістер тұсында егемендік пен ұлттық мүддені қорғаудағы қабілетімізді жетілдіре түседі.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ



Кенжебек БИЖАНОВ,
аритмолог:

ҚАН ҚЫСЫМЫ – ҚАУІПТІ АУРУ

Артериялық гипертензия дегеніміз не?

Артериялық гипертензия деп қан қысымының 140 мм сынап бағанына тең немесе одан жоғары болатын жағдайды айтамыз. Ол тыныш қалыпта, әртүрлі уақытта жүргізілген кем дегенде үш өлшемнің нәтижесінде анықталады; бір уақытта қысымды арттыратын немесе төмендететін препараттарды қабылдауға болмайды.

Егер артериялық гипертензияның себептерін анықтау мүмкін болса, онда ол екіншілік немесе симптоматикалық деп аталады, яғни қан қысымының жоғарылауына артериялық қан тамырларының қабырғасындағы қысымды реттегіш рецепторлар емес, басқа ағзалардың патологиясы себепкер болады. Ал егер ондай айқын себеп болмаған жағдайда, ол біріншілік немесе эссенциалдық гипертензия деп аталады. Соңғысы әлдеқайда жиі кездеседі, жоғары қан қысымы бар адамдардың 90%-дан астамы осыдан зардап шегеді. Артериялық гипертензия ауруы жер бетіндегі ересек тұрғындардың 30–45%-ын құрайды. Ауру 50 жасқа дейін ерлер арасында, 50 жастан кейін әйелдер арасында жиі кездеседі.

Неден сақтану керек?

Қазіргі уақытта артериялық гипертензияның себептері толығымен анықталмаған. Дегенмен, кейінгі зерттеулерге сүйенсек, бірнеше негізгі себептері бар, олар:

- генетикалық бейімділік;
- аурудың дамуында ішкі (гормондық жүйе, жүйке жүйесі) және сыртқы факторлардың (тұзды шамадан тыс тұтыну, алкоголь, темекі шегу, семіздік) болуы;
- май алмасуының бұзылуы;
- қант диабеті;
- бүйрек ауруы;
- күйзеліс;
- аз қимылдау;
- шылым шегу.

Осы орайда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қабылдаған қан қысымының төмендегі деңгейлерін назарларыңызға ұсына кетейік:

Қысымды қалай дұрыс өлшейміз?

Қан қысымын өлшеудің тамаша нұсқасы – механикалық тонометр және фонендоскоп. Бұл әдіс ең дәл және арзан болып табылады. Бірақ үйде өзін-өзі бақылау үшін сіз автоматты немесе жартылай автоматты тонометрді пайдалана аласыз. Тек төмендегі өлшеу әдісін ескерген жөн.

- Өлшеу бес минуттық демалыстан кейін жүргізілуі керек.

Жүрек-қан тамырлары жүйесінің сырқаттары арасында кең таралған, әрі көптеген дерттің бастауы мен тікелей себепшісі болып табылатын артериялық қан қысымының жоғарылауы – қазіргі күні әлемдік денсаулық сақтау жүйесінде басты мәселелердің бірі. Аталмыш дерт ертеден бар ауру болса да, онымен күрес әлі тоқтар емес. Өйткені, медицинаның дамуына және ХХІ ғасырдағы тамақтану мен өмір сүру салтына да байланысты аурудың анықталу деңгейі жоғарылады. Жалпы, қан қысымының көтерілуі немесе медициналық тілмен айтқанда, артериялық гипертензия дегеніміз не? Осы жайында біраз тарқатып айтсақ.



Артериялық қысым	Систолалық АҚ. (мм.с.б.)	Диастолалық АҚ. (мм.с.б.)
Қалыпты	< 130	< 85
Жоғары қалыпты	130–139	85–89
Гипертензияның I дәрежесі (жеңіл)	140–159	90–99
Гипертензияның II дәрежесі (шамалы)	≥ 160–179	≥ 100–109
Гипертензияның III дәрежесі (ауыр)	≥ 180	≥ 110

- Өлшеуге дейін 30 минут бұрын тамақтануға, кофе, алкогольді ішімдіктер ішуге, денеге физикалық күш түсіруге және темекі шегуге болмайды.

- Өлшеу кезінде аяқты айқастыруға болмайды, аяқтар еденде тұруы керек, арқа орындықтың артқы жағында болғаны абзал.

- Шынтақта сүйеніш зат болуы қажет, сондай-ақ өлшеу алдында қуық бос болғаны дұрыс.

Бұл шарттар сақталмаған жағдайда, қан қысымының көрсеткіші жалған болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қысымды өлшегенде шынайы мәлімет алу үшін тағы бір ескертін жайт – иықты киім қыспауы керек, яғни киім арқылы өлшеу – дұрыс тәсіл емес. Қан қысымы бір қолда кем дегенде екі рет өлшенеді. Бір қолдағы қан қысымының деңгейінің айырмашылығы 5 немесе одан да көп мм сынап бағанын көрсетсе, қосымша үшінші өлшеуді жүргізген жөн. Соңында орташа мәні

жазылады. Бірінші өлшеу кезінде қысым екі қолмен өлшенеді, келесіде жоғарырақ көрсеткен қолдан өлшенеді. Сол және оң қолдағы қан қысымының айырмашылығы 10 мм сынап бағанынан аспауы керек. Екі қолдағы көрсеткіштердің үлкен айырмашылықтары қол қантамырларының сырқаттарына күдік тудырады.

Белгілері қандай?

Артериялық гипертензияның белгілері жайлы баяндар болсақ, негізгі белгісі немесе симптомы – бастың ауыруы, әсіресе ұйқыдан ояңған кезде және бас аурудың әдетте желке аймағында болуы. Сондай-ақ, науқастар бас айналу, көз алдының бұлдырауы мен көз алдында «шіркейлердің» пайда болуына, құлақтағы шуылға, жүрек соғуына, жүректегі ауырсынуға, енгіуге шағымданады.

Дейтұрғанмен, артериялық гипертензияның ешқандай көріністері болмайтын, яғни симптомсыз түрлері де ұшырасады. Ол тіпті қауіпті. Неге десеніз, науқас адам өзінің сырқат екенін сезбейді. Соның салдарынан дәрігерге кеш қаралып, асқынуларға апарып соғады, ағзадағы қайтымсыз өзгерістердің орын алуына жол береді.

Артериялық гипертензияның қауіпті асқынуларының бірі – гипертониялық криз. Ол қан қысымының кенеттен айқын көтерілуімен сипатталатын күрделі жағдай. Көбінесе гипертониялық криз систолалық қан қысымының, яғни тонометр аспабының жоғары көрсеткішінің 180 мм сынап бағанасынан жоғары жағдайға жетуінен пайда болады. Бұндай кезде науқастың хәлі ауырлап, мазасы кетіп, басы айналып, басы қатты ауырып, тіпті лоқсып, құсқысы келіп, көзі қарауытып, неврологиялық айқын симптомдармен бірге жүреді және жиі жедел жардем шақыруды қажет етеді. Өйтпесе, ұсақ ми қан тамырларының шытынап, жарылып кету қаупі бар. Ондай асқынуларға әкеліп соққанда инсульт алары сөзсіз. Статистика бойынша инсульт алған жандарды емдеу орасан зор шығындарды, ресурстарды талап етеді және барлығы бірдей толыққанды қатарға қайта қосыла алмайды. Сол себепті де, дертті болдырмаудың жолдарын қарастырып, жоғарыда баяндалған салауатты өмір салтының қағидаларын ұстану керек.

Өзіңізді-өзіңіз емдеуге тырыспаңыз

Енді сырқатты диагностикалау жайлы сөз қозғар болсақ, қабылдаудағы дәрігер ең алдымен науқасты мазалаған шағымдарды анықтап және оның пайда болу себептері мен ұзақтығына ден қояды. Содан кейін ол міндетті түрде қан қысымының деңгейін өлшеп, толық сараптама жүргізеді. Егер артериялық гипертензияға күдік болса, Холтер әдісімен тәуліктік артериялық қан қысымын өлшеу мониторингін жүргізуге болады. Ауруға диагноз қою үшін дәрігер кардиологқа қаралуы керек.

Гипертензияны немесе қан басымдығын емдеу жайлы да аз-кем айта кетейін. Бірдей белгілер әртүрлі аурулардың белгілері болуы мүмкін, ал ауру оқулық кітаптарда жазылғандай жүрмеуі де мүмкін. Өзіңізді-өзіңіз емдеуге тырыспаңыз, дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Гипертонияны емдеудің мақсаты жоғары қысымнан зардап шегуші нысана органдардың (жүрек, ми, бүйрек) зақымдану қаупін азайту болып табылады, өйткені бұл органдар бірінші кезекте жоғары қан қысымынан зардап шегеді, тіпті субьективті түрде жағымсыз сезімдер болмаса да.

Жас және орта жастағы адамдарда, сондай-ақ қант диабетімен ауыратын науқастарда қысымды 140/90 мм сынап бағанасы деңгейінде ұстау қажет. Егде жастағы адамдарда тиімді қан қысым деңгейі 130/90 мм сынап бағанасына дейін.

Ауырмаңыз, ағайын!

Енді артериялық гипертензияны емдеудің жалпы принциптері келесідей:

Аурудың жеңіл, яғни бірінші дәрежесінде дәрілік емес әдістер қолданылады:

- * ас тұзын тұтынуды тәулігіне 5 г дейін шектеу;
- * артық салмақты қалыпқа келтіру;
- * аптасына 3–5 рет орташа физикалық белсенділікте (жауу жүру, жүгіру, жүзу, физиотерапиялық жаттығулар) болу;
- * темекіні тастау;
- * алкогольді тұтынуды азайту;
- * эмоционалды қозуды арттыру үшін тыныш-тандыратын дәрілік шөптерді қолдану (мысалы, валериан тұнбасы).

Жоғарыда аталған әдістер 1-дәрежелі артериялық гипертензияны емдеуде, сондай-ақ 2 және 3-дәрежелі гипертензиямен ауыратын науқастарда әсері болмаған жағдайда олар дәрі қабылдауға көшеді. Айта кету керек, қазіргі уақытта кардиологтар артериялық гипертензияны емдеуге арналған клиникалық зерттеулерден өткен, кардиологтар қауымдастығымен бекітілген және емдеу хаттамасына енген белгілі препараттардың кең ауқымын ұсынады. Әртүрлі сауда атауларымен бірдей белсенді заты бар препараттар шығарылуы мүмкін. Маман емес адамға оларды түсіну өте қиын. Сондықтан егер сізде қан қысымының тұрақты жоғарылауы болса, дереу жүрек дәрігеріне хабарласыңыз.

Ауырмаңыз, ағайын!

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ҚАЛА ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ

Бостандық ауданында мәдени-ағарту, шығармашылық және спорттық бағыттар бойынша шеберлік сабақтары өтті

Бостандық ауданында бірегей іс-шара, нақтырақ айтсақ, түрлі бағытта, оның ішінде мәдени-ағарту, шығармашылық және спорттық бағыттар бойынша шеберлік сабақтары өтті. Бұл шеберлік сабақтары ауданның жасөспірімдері мен жастары үшін жаңа мүмкіндіктер көкжиегін ашып, шығармашылық шабыт беру мақсатында ұйымдастырылды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Сөйтіп, мегаполистегі іргелі ауданның әдемі де жанға жайлы демалыс орталықтары тәжірибелі спикерлер мен шығармашылық жолында, спортта жүрген тұлғаларды жинады. Ал олар өз кезегінде ойлы да сергек жастармен білімімен, тәжірибесімен қуана бөлісті. Жастар әсіресе, «Орион» орталығында актер Ілияс Ашаевпен өткен шеберлік сабағына ерекше ықылас танытты. Бұл өнер жұлдызы бізге «Made in ұят» және «Құсайыновтар өмір жолы» сериалдарындағы рөлдерімен танымал. Ілияс шығармашылыққа жақын жасөспірімдерге өздерінің әлеуетін қалай дамыту керектігі тұрғысындағы ойларымен бөлісті.

Бұл іс-шараның негізгі міндеті ауданның барлық тұрғынына, үлкен-кішісіне бірдей демалыс орталықтарының қызметі қаншалықты жан-жақты және қызықты екенін көрсету болатын. Сол үдеден шыққандай. Себебі, балалар, жасөспірімдер, жастар бір күнде бірнеше саладан түрлі мағлұматтар алып, сол оқиғалардың ішінде өздері де кейіпкер болуға мүмкіндік алды. Аудан



жастары күннің шуақты әрі мағыналы өткеніне риза болды.

— Алматы қаласының Бостандық ауданында тұрақты және тегін қызмет көрсететін 8 демалыс орталығы жұмыс істейді. Онда жасөспірімдер мен жастар үш бағыт бойынша, атап айтсақ, мәдени-ағарту, шығармашылық және спорттық бағытта қызмет көрсететін үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Бұл демалыс орталықтарында 12–35 жас аралығындағы 850 адам түрлі үйірме, секцияларға қатысып, өзіне ұнайтын, жаны қалайтын істермен айналысып, бос уақытын тиімді өткізіп жүр. Ал бұл кезегінде жас буын арасында белсенді өмір салтын қалыптастыруға және қала жастарының жан-жақты дамуына ықпал етері сөзсіз, — дейді Алматы қаласының жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры медиа бөлімінің басшысы Шолпан Жаңылханова.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

21–23 шілде аралығында Алматыда «SADU Arena» спорт кешенінде «Кумите» пәні бойынша жасөспірімдер және жастар арасында Шинкиокушинкай каратеден Азия чемпионаты өтеді. Азия чемпионатына 15 елден (Қазақстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай, т.б.) барлығы 300-ге жуық спортшы қатысады.

ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ

Иорданияның Амман қаласында өтіп жатқан әйелдер күресінен 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында 2 қазақстандық жұлдегерлер қатарынан көрінді.

БАЛУАН ҚЫЗДАР ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРДЫ

12 шілдеден бастап күрес түрлерінен 15 және 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар арасында Азия чемпионаты өтіп жатыр. Жарыстың жетінші күнінде әйелдер күресінен 20 жасқа дейінгі жастар 5 салмақ дәрежесінде сынға түсті. Олардың арасынан Шәмшиябану Тастанбек (72 келі) мен Алтын Шағаева (52 келі) жұлдегерлер қатарынан көрінді. Жарыс барысында Шәмшиябану Тастанбек финалда үнді қызы Харшита Харшитаға есе жіберіп, күміс медаль алды. Ал Алтын Шағаева қолаға қол жеткізді.

Чемпионатта әйелдер күресінен ел құрамасы 1 күміс, 4 қола жұлдемен қорытындылады. Бұдан бұрын ел құрамасынан Лаура Ғаниқызы (50 келі) Зейнеп Баянова (55 келі), Жібекжан Сабыржанова (68 келі) қола медаль алған еді. Қазақстан командасы жастар арасында бірінші күнінде 4 медаль жеңіп алды. 97 келіге дейінгі салмақта Камиле Куруглиев алтын медаль жеңіп алды. Мерей Базарбаев (57 келіге дейін), Мұхаметәлі Қабидолданов (70 келіге дейін) және Мағжан Жанырбай (79 келіге дейін) тұғырдың үшінші сатысына көтерілді.



НЫСАНА КӨЗДЕУ



ҚАЗАҚСТАН ҚОРЖЫНЫ

күміс жұлдемен
ТОЛЫҚТЫ

Нысана көздеуден Оңтүстік Кореяда өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан қоржыны күміс жұлдемен толықты.

Арина Алтухова кіші калибрлі винтовкамен 50 метрден 3 позицияда (тік тұрып, жатып, тізерлеп тұрып) оқ атып, 455.7 ұпай жинап, күміс жұлдеге ие болды. Арина Алтухова ҚР VI жазғы Спартакиадасы осы бағдарламасында күміс жұлдеге қол жеткізген. Ал осыдан бірнеше ай бұрын Джакартада өткен әлем Кубогында чемпион атанған еді. Еске салайық, бұл – осы әлем чемпионатында ел қоржынына түскен екінші медаль. Никита Чирюкин жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанған еді. 14 шілде күні басталған байрақты бәсекенің кезекті жарыс күнінде Қазақстан намысын қорғаған Никита Чирюкин 25 метрден оқ ағуда қарсылас шақ келтірмей, әлем чемпионы атанды. Нысана көздеуден жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігі 25 шілдеге дейін жалғасады. Биыл бұл додаға 45 елден 600-ден астам спортшы қатысып жатыр.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

25 төреші төрелік етеді

25–28 шілде аралығында Алматыда алғаш рет үстел теннисінен WTT Youth Contender Almaty Халықаралық жасөспірімдер турнирі өтетінін газеттің соңғы нөмірінде жазғанбыз.

Бес түрлі жас санатында әлемнің 13 елінен келген спортшылар өнер көрсетеді. Бұл өкілді іс-шараға 25 төреші қызмет көрсетеді: 2 шетелдік және 23 қазақстандық.

ТЕННИС



ЖІБЕК ҚҰЛАМБАЕВА – ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА

Қазақстандық Жібек Құламбаева жұптық сында чехиядағы ITF W60 турнирінің жартылай финалына шықты. Жарыстың екінші ракеткалары болып тіркелген қазақстандық теннисші латвиялық Дарья Семенистаямен бірге екі кездесуін сәтті өткізді.

Олар алдымен тартысты матчта румыниялық Карола-Патриция Беженару – франциялық Тифани Лемайтрені жолдан тайдырды – 6:4, 3:6, 14:12.

Қазақстандық–латвиялық жұптың жартылай финалдағы қарсыластары кейін анықталады. Бұдан бір апта бұрын Ж.Құламбаева Римдегі осындай додада чемпион атанған еді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТӘРБИЕ

АРМАНҒА БІРГЕ ЖЕТЕМІЗ



Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде тәрбие жұмысын нығайту мақсатында, көмелетке толмаған жазасын өтеушілер арасында, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы «Social Project Management» орталығының директоры Бейбіт Молдахметұлының ұйымдастыруымен «Арманға жету» деген тренинг өтті.

Педагог-психолог Гүлбануш Мурадуллаева жазалы жасөспірімдердің әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізді. Олардың бәрі аяғын шалыс басып, бас бостандығынан айырылып, жазасын түзеу мекемесінде өтеп жатқан жастар. Олар жазасын өтеп, бостандыққа шыққан соң қайда барады, не істеуі керек, қоғамда өзін қалай ұстауы қажет? Міне, өткен іс-шара осы сауалдардың жауабын табуға көмектеседі.

Сотталған жасөспірімдерге алдағы өміріне нақты мақсат қоюды үйрету, психологиялық ой-қабілетін дамыту, қоғамдық өмірге бейімдеу, бір-бірімен өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту, әлеуметтік-психологиялық ахуалды жандандыру, міне, «Арманға жету» тренингінде осы тақырыптар қозғалды. Сондай-ақ, жасөспірімдерге күйзелісті қалай және білу керек, күтпеген төтенше оқиғаларда қандай қадамдарға бару қажет, қайтадан қылмыстық жолға түспеуі үшін өзін ұстай білу, өзіне деген сенімін нығайту жолдары әңгімеленді.

Психолог мамандар алдағы уақытта да жазасын өтеуші жасөспірімдермен осындай психологиялық жұмыстар жүргізіп тұратынын айтты.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА

ТАЛАП – БӘРІНЕ ОРТАҚ

Айыппұлды қайда және қалай төлеуге болады?

2023 жылдың 6 айы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес, «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **10 млрд 782 млн 772 мың 492 теңгені** құрайтын **735 416** әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның ішінде **6 млрд 994 млн 506 мың 287 теңгесі** өндірілді. Бұл өндіріп алудың 65%-ын құрайды.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің сайтында Сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және нақты уақыт тәртібінде төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz және egov.kz) онлайн-режимде танысуға және өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтімесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» арқылы авторизацияланғаннан кейін, «Өз айыппұлдардың туралы біл» терезесін тандап, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басып, керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама электронды-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие. Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды Үкімет» порталы арқылы eGov.kz сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін тандап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолданасыз. Егер Сіздің атыңызға айыппұл келіп түскен болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz - тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде «Электрондық цифрлық қолтаңба» болуы қажет. «Электрондық цифрлық қолтаңба» авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары арқылы төлеуге де болады. «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын үйлестірудің әсерінен екінші деңгейлі 14 банктердің кассалық терминалдары және қосымшалары арқылы айыппұлдарды өтеуге болады (Kaspi Bank, Halyk Bank, BCC.kz, Forte Bank және т.б.)

Ескерте кетейік, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықтық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабы 2-тармағына сәйкес, айыппұлды көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерін 7 тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралады, шешім заңды күшіне енеді, ал азамат әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі.

Д.РАХМЕТОВА,

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаменті бөлімінің прокуроры.

Алматы қаласының әкімдігі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановқа және отбасына қызы Гүлназия Қуанышқызы СҰЛТАНОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2023 жылғы 13 шілдесіндегі №2 шешімі

Алматы қаласы Әділет Департаментінде 2023 жылдың 17 шілдесінде №1729 болып тіркелген

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» №2 шешімінің күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» №2 шешімінің (Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде №1460 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.ЕГЕМБЕРДИЕВ

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

Әкесін сағынған бүлдіршін



Астанада ерлікпен қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулин туралы «Қаһарман» сериалы түсіріліп жатыр. Бұл туралы оның жесірі Анель Забикулина өзінің Instagram парақшасында хабарлады.

«Түсіру тобы Астанаға келіп, бірден жұмысқа кірісті. Әрине, бүкіл процесті өз көзімізбен көру мүмкіндігін жіберіп алмадық. Айта кетейін, кино түсіру оңай емес. Біз ол жерде 5 сағаттай болдық. Түсірілімге дайындық, бірнеше дубль, ракурс, жарық. Бұл – бір ғана көріністі түсіру кезінде көрген қиындықтың кішкене ғана бөлігі. Барлық түсірілім тобына қажырлы еңбегі үшін рахмет. Сериал барлығына ұнайды деп сенемін», – деп жазды Анель Забикулина.

Айта кетейік, былтыр қарашада елордада 15 қабатты үйден өрт шығып, салдарынан 3 адам, оның ішінде бір бала ауруханаға түскен болатын. Бірнеше адамды құтқарған өрт сөндіруші Асқар Забикулиннің денесінің 80%-ын күйік шалып, жансақтау бөліміне жатқызылады. Өкінішке қарай, бірнеше күннен соң көз жұмды.

Марқұмның жары парақшасына тағы бір әсерлі фото жариялады. Онда кішкентай қызы сериалдың басты кейіпкері – әкесінің рөлін сомдап жатқан актерды құшақтап тұр. «Кинодағы әкесін құшақтап тұрған қызымның кішкентай ғана жүрегін мен жақсы түсінемін, өрт сөндіруші формасындағы ер адамдардан әкесін көретіндей... арасынан әкесі шыға келетіндей...» деп жазды сурет астына.

Өрт сөндіруші Асқар Забикулин I дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. 20 желтоқсанда оған «Алтын адам» сыйлығы табыс етілді. Есімі елорданың жаңа көшелерінің біріне берілді.

Полиглот қыз

«Хабар» арнасындағы «Оян!» бағдарламасының қонағы болған алматылық 11 жасар полиглот қыз көпшілікті тәнті етті. Алматыдағы №104 жалпы білім беретін мектепте оқитын Магда Бекахметова қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде еркін сөйлейді.

Білімге құштар қыз енді испан, түрік және араб тілдерін үйреніп жүрген көрінеді. Полиглот қыздың арманы – дүние жүзінің барлық тілін меңгеру.

«Әл-Фараби 70–80 тіл білген деседі. Содан асып, әлемнің бүкіл тілін меңгергім келеді. Екіншіден, бүкіл әлемнің адамдарын бізге тартсам деймін. Мысалы, жеті тіл меңгергенде, кем дегенде жеті адам елімізге келсе, қандай жақсы!», – дейді ойы ұшқыр, сергек те елгезек қыз Магда.

Ол тіл үйренуді 2 жасынан бастапты. Оның өзге тілдерді меңгеріп алуына өзі тұратын үйдің ауласындағы басқа этнос балалары да әсер еткен сияқты. Яғни Магда ұйғыр, орыс балаларымен ойнап жүріп, олардың тіліндегі қарапайым сөздерді жаттап алып отырған. Ал қытайшаны әпкесінің телефонындағы қытай тілін үйрететін қосымша арқылы меңгерген. Ағылшын тілін үйренуді YouTube желісіндегі алфавиттен бастап, кейін кітаптан өз бетінше ден қоя жүріп үйренген. Міне, біздің болашақ!

Полиглот қыздың алғырлығына сүйсінген әлеужелі қолданушылары жақсы тілектерін жаудырып жатыр.



«Ақылды сөмкесі» бар оқушы



Түркістандық оқушы өзі жүретін «ақылды сөмке» жасап шығарды. Сөмкені иесі пультпен басқарып жылжыта алады. Қисық жол мен шоқалақтан да оңай өткізуге болады екен. Бұл жаңалықты ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жергілікті «Төрткүл» жалпы орта мектебінде оқитын өнертапқыш Айтуар Советбек ойлап тапқан сөмкесін сабаққа

ұстап келіп, көпті таңқалдырған.

Айтуар бір жыл бұрын жол апатына түсіп, оған күрделі ота жасалады. Дәрігерлер балаға ұзақ уақыт ауыр зат көтеруге тыйым салады, тіпті кітап-дәптер көтеруге де болмайтынын айтқан. Сабақтан қалғысы келмеген озат оқушы тығырықтан шығар жолды осылай іздеп тапқан көрінеді.

«Үйде жатып оқу қиын, қатарыңнан қалып қойғандай күй кешесің. Мектепке барайын десем денсаулығым жарамады, оқу-құ-

ралымды таситын бір адам керек. Ал үйдегілердің жұмысы бар, үнемі менің қасыма жүрмейді ғой. Сосын кітаптарымды тасу үшін пультпен жүретін сөмке болса деп ойлап, оны алдымен қағаз, картоннан жасап көрдім. Пластмасса жәшігін, одан басқа бірнеше материалды пайдаланып, тиімділігін тексердім. Алғашқы сөмкем пластмассадан жасалды, кітап-дәптерлерімді салып мектепке дейін барамын. Ал сатыдан көтеруге сыныптастарым көмектеседі», – дейді Айтуар.

Айтуардың бұл идеясын анасы да қолдап, дизайнына мән береді. Ұлы ойлап тапқан сөмкенің сырт пішінін жасауға көмектескен. Қазір түркістандық оқушы жылжымалы сөмкені одан әрі дамыту үстінде, сатыдан өзі шығатын механизм жасап, өнімін сатылымға да шығаруды көздеп жүр.



Виртуалды музей әзірлеген бозбала

Абай облысының оқушысы Нұрәлі Амангелдиев қазақ халқының тарихындағы құқықтық дерек көздерін зерделеу мақсатында виртуалды 3D тур-музейін әзірледі. Виртуалды әлемге кірген қонақты дыбысты гид қарсы алып, Қазақстанның әр дәуіріндегі дәстүрлі құқық пен сот жүйесінің қалыптасу жолымен таныса алады.

3D мұражай 4 бөлімнен тұрады: бірінші – «Ежелгі дәуірдегі Қазақстандағы дәстүрлі құқық және сот билігі»; екінші – «Орта ғасырлардағы сот-құқықтық жүйе»; үшінші – «Революцияға дейінгі кезеңдер»;

төртінші бөлім – «ҚР Тәуелсіздік жылдарындағы құқықтық және сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы» деп аталады.

Оқушының айтуынша, бұл жоба виртуалды кеңістікте қазақ тарихындағы құқықтық жүйенің сақ тайпасынан басталып, бүгінге дейінгі қалыптасу жол туралы ақпарат алуға болады. Осы саланы зерттеушілер үшін тиімді тәсіл.

«Виртуалды мұражайдың көмегімен бір нүктеден екінші нүктеге өтуге, алыс жерлерге қарауға, үлкейтуге немесе кішірейтуге кейбір заттарды алыстатуға болады. 3D тур музейі – оқушылардың тарих пәніне қызығушылығын арттырады, құқықтық тақырыптарды меңгеруге пайдасын тигізеді. Зерттеудің қалыптасу әдістеріне қарағанда жаңа формат оқушылардың ізденісін арттырады», – дейді Нұрәлі Амангелдиев.

Виртуалды мұражайдың тағы бір ерекшелігі – есту қабілеті төмен балалар үшін турды түсіндіретін сурдоаудармашы да бар.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Біреудің есебінен күн көру белең алып барады



Арақ – бүкіл бәленің көзі



Карикатура авторы Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.